



**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымдарында
эмиссиялық-кассалық операцияларды және құндылықтарды сақтауды
қамтамасыз ету туралы Ереже жөнінде**

Қушiн жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк басқармасының қаулысы 1997 жылғы 25 шiлдедегi N 281 Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлiгiнде 1997 жылғы 6 қарашада тiркелдi. Тiркеу N 415. Қаулының күшi жойылды - ҚР Ұлттық Банкi Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 467 (V032685) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң құрылымдарында эмиссиялық-кассалық операцияларды жүргiзу тәртiбiн белгiлеу, сондай-ақ құндылықтардың сақталуын және эмиссиялық-кассалық тәртiптiң орындалуын бақылау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкiнiң Басқармасы
қ а у л ы е т е д i :

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң құрылымдарында эмиссиялық-кассалық операцияларды және құндылықтарды сақтауды қамтамасыз ету туралы Ереже бекiтiлсiн және ол Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде мемлекеттiк тiркеуден өткен күннен бастап күшiне е н г i з i л с i н .

2. Бухгалтерлiк есеп департаментi (С.К. Рахметова):

а) заң департаментiмен бiрлесе отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң құрылымдарында эмиссиялық-кассалық операцияларды және құндылықтарды сақтауды қамтамасыз ету туралы Ереженi Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде тiркесiн;

б) осы Қаулыны және осы аталған Ереженi Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына жiберiп, бекiтiлген Ереженi екiншi деңгейдегi банктерге жеткiзудi мiндеттесiн.

3. Осы Қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкi Төрағасының орынбасары С.А.Ақановқа жүктелсiн.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к Б а с қ а р м а с ы н ы ң
1 9 9 7 ж ы л ғы 2 5 ш i л д е д e г i
N 2 8 1 қ а у л ы с ы м е н
бекiтiлген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелеріндегі
эмиссиялық-кассалық операциялар және құндылықтарды
сақтауды қамтамасыз ету туралы Ережелер
1-бөлім. Жалпы бөлім**

1.1. Осы Ереже қолма-қол ақшаның резервтік қорлары мен айналым кассалары құрылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелерінде (бұдан әрі - Ұлттық Банк бөлімшелері) эмиссиялық және кассалық операцияларды жүргізу, құндылықтардың сақталуына және эмиссиялық-кассалық тәртіптің сақталуына бақылау жасау тәртібін белгілейді.

1.2. Бірден-бір заңды төлем құралы Қазақстан теңгесі болып табылады. Қазақстан Республикасының айналыстағы ақша белгілері банкноттар мен металл ақшалардан тұрады. Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының ұсақ ақша бірлігі тиындар болып табылады.

Б а н к н о т т а р :

* төлем жасалатын банкноттар, оның ішінде айналыстан алынып, Ұлттық Банктің бөлімшелеріне тапсырылуға тиісті тозған банкноттар;

* төлем жасалмайтын банкноттар болып бөлінеді.

М е т а л л а қ ш а л а р :

* төлем жасалатын металл ақшалар, оның ішінде айналыстан алынып, Ұлттық Банктің бөлімшелеріне тапсырылуға тиісті ақаулы (бүлінген) металл ақшалар;

* төлем жасалмайтын металл ақшалар болып бөлінеді.

1.3. Ұлттық Банк банкнотты немесе металл ақшаны қолдан жасау фактілеріне байланысты хабарларды (талаптарды) қарайды. Жалған банкноттар немесе металл ақшалар клиенттерге қайтарылмайды және айырбасталмайды. Жалған (қолдан жасалған) банкноттардың немесе металл ақшалардың табылу фактісі туралы Ұлттық Банктің бөлімшелері құқық қорғау органдарына хабарлайды. Күмәнді банкноттар мен металл ақшалар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазына қоймасына (бұдан әрі - Ұлттық Банктің Қоймасы) немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы аумақтық Бас басқармасының кассалық орталығына (бұдан әрі - Кассалық орталық) сараптамаға жіберіледі.

Ұлттық валютадағы банкноттар мен металл ақшаларды қолдан жасауға кінәлі адамдар қылмыстық және мүліктік жауапкершілікке тартылады.

1.4. Қолма-қол ақша қабылдау, сақтау және беру үшін Ұлттық Банктің әрбір бөлімшесінде айналым кассасы және қолма-қол ақшаның резервтік қоры болады.

Айналым кассасындағы қолма-қол ақшаның қалдығы қолма-қол ақша айналымы үшін жауапты Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшелері Ұлттық Банктің әрбір бөлімшесі үшін жеке белгілеген лимитімен

шектеледі. Айналым кассасындағы лимит жұмыс күнінің соңында белгіленеді.

1.5. Айналым кассасындағы белгіленген лимиттен асып кеткен қолма-қол ақша сомасы резервтік қорға аударылуы тиіс. Резервтік қорға қолма-қол ақша салымы осы ақшаны айналыстан алу болып табылады және кассаның операциялық күнінің соңында күніне бір рет жүргізіледі. Операциялық күн аралығында қолма-қол ақшаны резервтік қорға қайталап салу айрықша жағдайларда Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшелері басшыларының жазбаша өкімі негізінде жүргізіледі.

1.6. Айналым кассасына резервтік қордан қолма-қол ақша алу осы ақшаны айналысқа шығару болып табылады және клиенттердің қолма-қол ақшаға деген қажеттілігіне қарай (тиісті тапсырыс негізінде) кассаның операциялық күні ішінде тек бір рет қана жүргізіледі. Операциялық күн ішінде қолма-қол ақшаны айналысқа қайталап шығару айрықша жағдайларда Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшелері басшыларының жазбаша өкімі негізінде жүргізіледі.

Ұлттық банктің бөлімшелеріндегі қолма-қол ақшаның резервтік қорына лимит белгіленбейді.

1.7. Ұлттық банк бөлімшелеріндегі кассалық операциялар барлық операциялық күн ішінде жүргізілуі тиіс. Касса жұмысының басталу және аяқталу уақытын (операциялық күн) Ұлттық банк бөлімшелерінің басшылары белгілейді.

Клиенттерден операциялық күннің соңына дейін түскен барлық қолма-қол ақшаны Ұлттық банктің бөлімшелері айналым кассасына ол сомаларды клиенттердің шотына сол операциялық күн ішінде тіркей отырып қабылдауға тиісті.

1.8. Ұлттық Банктің бөлімшелері айналысқа шығарылған ұлттық валютадағы банкноттар мен металл ақшалардың жай-күйіне жауапты болады. Ұлттық валютадағы барлық төлем жасалмайтын банкноттар мен металл ақшалар және жарамсыз банкноттар мен ақаулы (бүлінген) металл ақшалар олар Ұлттық Банктің бөлімшелеріне түскен бойда айналысқа қайтадан шығарылмайды.

1.9. Ұлттық банктің бөлімшелері төлемге тек төлем жасалатын банкноттар мен металл ақшаларды ғана қабылдайды, ал айырбасқа төлем жасалатын банкноттар мен металл ақшалардан басқа, сондай-ақ бетінің 50%-тен көбі сақталған банкноттарды да (жалған қолдан жасалған) банкноттарды қоспағанда қабылдайды.

1.10. Осы Ережеге жүргізілетін операциялардың түрлері бойынша Ұлттық банк бөлімшелерінің айналым кассалары мен резервтік қорларында банкноттардың және металл ақшалардың қозғалысының есебін жүргізу үшін қосымша нысан енгізіледі.

Эмиссиялық-кассалық операциялардың, сондай-ақ Ұлттық банктің бөлімшелерінде құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етумен байланысты операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу бухгалтерлік өткізілімдер нобайына (Осы Ережеге N 56 қосымша) сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Ережеге пайдаланылған түсініктер:

Төлем банкноттары - түпнұсқалығы күмән туғызбайтын және өзінің толық көлемінің кем дегенде 70%-і сақталған және олардың нақты құнын білдіретін белгілер (жазбаша және сандық) және шамалы ғана бүлінген (егер олар банкноттың түпнұсқасын анықтауға кедергі келтірмесе) банкноттар, оның ішінде
т о з ғ а н д а р ы :

а) кірлеген, бөгде жазулар жазылған, дақ тиген, таңбасы бар, мөрленген, бояу тамған, алғашқы түрі өзгерген банкноттар;

б) жыртылған және желімделген, егер жекелеген бөліктері даусыз бір банкноттікі болып шықса, бұрышы, шеті қырқылған, шамалы ойықтары мен тесіктері бар (егер олар өтелгенін білдірмейтін болса) банкноттар;

в) тозығы жеткен, умаждалған, күйген және күйік шалған банкноттар;

г) қорғағыштық жібінен айырылған банкноттар жатады.

Төлем жасалатын металл ақшалар - түпнұсқалығы мен тұтастығы күмән туғызбайтын және бүлінгендігіне қарамастан өзінің толық көлемі сақталған және олардың нақты құнын білдіретін белгілер (жазбаша және сандық) және шамалы ғана бүлінген (егер олар банкноттың түпнұсқасын анықтауға кедергі келтірмесе), металл ақшалар, яғни ақаулылары (бүлінгендері), оның ішінде:

а) жаншылған, тесілген, майысқан, кесілген, сынған металл ақшалар;

в) қышқылға салынып, металл қосылып суарылған металл ақшалар;

г) жоғары температураның әсерінен бүлінген металл ақшалар;

д) алғашқы түрі өзгерген, бірақ олардың аверс және реверс бойынша нақты құнын білдіретін белгілері (жазбаша және сандық) сақталған металл ақшалар
ж а т а д ы .

Төлем жасалатын банкноттар мен металл ақшалар - ескіру дәрежесіне бойынша айналысқа жарамды және тозған (ақаулы) деп бөлінеді. Айналысқа жарамды банкноттар өз кезегінде эмиссиялық банкноттар және бұрын қолданыста болған банкноттар деп бөлінеді.

Төлем жасалмайтын банкноттар мен металл ақшалар - төлем жасалатын банкноттар мен металл ақшалар анықтамасына жатпайтын банкноттар мен
м е т а л л а қ ш а л а р .

Жарамсыз банкноттар мен металл ақшалар - ақаумен жасалған (форматының сәйкес келмеуі, жыртық-тесіктер болуы, нөмірлік белгінің сәйкес келмеуі, түзетулердің бар болуы, бояулардың араласуы, нақышталған бейненің көмескіленуі не/немесе араласуы) банкноттар мен металл ақшалар. Жарамсыз

банкноттар мен металл ақшалардың орнын оны жасап шығарушы толтыруға тиіс.

Заңды төлем құралы ретінде күшін жойған банкноттар мен металл ақшалар - өтелген, қолма-қол ақша айналымынан шығарылған банкноттар мен металл ақшалар .

Қайта жасалған банкноттар - банкноттың нақты құнын өзгертетін жабыстырылған, сурет салынған немесе басылған мәтін немесе сан, сөйтіп енгізілген өзгерістердің сыртқы түрі түпнұсқа банкноттың тиісті ревкзиттерінің түріне ұқсас болады. Және осындай қайта жасалған банкноттың түпнұсқа ретінде қабылдануы мүмкін. Қайта жасалған белгілері бар банкноттар жалған банкнот ретінде қаралуы және аумақтық құқық қорғау органдарына тапсырылуы керек.

Жетпеушілік - банкноттардың немесе металл ақшалардың бумасында көрсетілген қолма-қол ақша сомасы мен осы бумадағы нақты банкноттар мен металл ақшалардың сомасы арасындағы жетпейтін айырмашылық.

Артылып қалу - банкноттардың немесе металл ақшалардың бумасында көрсетілген қолма-қол ақша сомасы мен осы бумадағы нақты банкноттар мен металл ақшалардың сомасы арасындағы артылып қалған айырмашылық.

Клиенттер - Ұлттық банкке қолма-қол ақша тапсыратын не/немесе алатын заңды және жеке тұлғалар.

2-бөлім. Эмиссиялық операциялар жасаудың тәртібі

1-тарау. Резервтік қорларды ұйымдастырудың тәртібі

2.1.1. Қолма-қол ақшаның резервтік қорлары (бұдан әрі - резервтік қорлар) Ұлттық Банктің әрбір бөлімшесінде құрылады.

2.1.2. Резервтік қорларда қолма-қол ақша эмиссиялық бумада, Ұлттық Банктің бумасында және клиенттердің бумасында болады.

Эмиссиялық бумадағы қолма-қол ақша резервтік қорларда оларды парақтап санамай-ақ немесе көлемі бойынша қайта санамай-ақ сақталады.

Ұлттық банк бөлімшелерінің бумасындағы айналымға жарамды қолма-қол ақша резервтік қорларда оларды парақтап санамай-ақ немесе көлемі бойынша қайта санамай-ақ қалыптасқаннан бастап бір жыл аралығында, ал жарамсыз банкноттар мен ақаулы (бүлінген) металл ақшалар 2 жылға дейін сақталады.

Клиенттердің бумасындағы қолма-қол ақша резервтік қорларда оларды парақтап санамай-ақ немесе көлемі бойынша қайта санамай-ақ клиенттерден алған күннен бастап 15 жұмыс күні аралығында сақталады.

2.1.3. Ұлттық банк бөлімшесі мен Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесінің басшысы резервтік қорларды ақша айналымы үшін қажетті банкноттар мен металл ақшалардың барлық нақты құнындағы қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету және тозған (ақаулы) банкноттарды дер мезгілінде жеткізу жөнінде шаралар қабылдайды.

2.1.4. Кассалық құжаттарға қол қою және резервтік қорлармен операциялар және айналым кассасындағы қолма-қол ақшамен операциялар жасағанда қойманы ашып-жабу жөніндегі міндеттер Ұлттық Банк бөлімшелері бойынша бұйрыққа сәйкес мынадай лауазымды адамдарға:

* қолма-қол ақшамен жұмыс және кассалық операциялар жөніндегі бөлімнің бастығына, ал ол уақытша болмаған кезде - Ұлттық банк бөлімшесі бастығының орынбасарына;

* Ұлттық банк бөлімшесі бас бухгалтерінің орынбасарына, ал ол уақытша болмаған кезде - Ұлттық Банк бөлімшесінің бас бухгалтеріне;

* касса меңгерушісіне жүктеледі.

Резервтік қорларды сақтау және олармен операциялар жасауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттердің бөлінуіне қарамастан бөлімшенің басшысы мен бас бухгалтері резервтік қорлардың сақталуы мен эмиссиялық-кассалық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету үшін дербес жауап береді.

2.1.5. Ұлттық банк бөлімшесінің басшысы, бас бухгалтерінің орынбасары, касса меңгерушісі, сондай-ақ қолма-қол ақша айналымы үшін жауапты Ұлттық Банктің арнайы өкілетті бөлімінің басшысы (бұдан әрі - арнайы өкілетті бөлімнің басшысы):

* заңды (оның ішінде екінші деңгейдегі банктерге) және жеке тұлғаларға дер кезінде кассалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;

* Ұлттық Банк бөлімшелерінің резервтік қорларында тұрған барлық құндылықтардың толық сақталуын қамтамасыз ету және тиісінше сақтауды ұйымдастыруға;

* құндылықтармен операциялар жасайтын касса қызметкерлерін тиісінше тағайындауды және оларды дайындау мен біліктілігін көтеру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға;

* дұрыс санамау, ысырап ету және ұрлау жағдайларына жол бермеу, ал ондай жағдайлар бола қалса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес кінәлі адамдардан келтірілген залалды төлеттіріп алу шараларын қабылдауға;

* құндылықтарға жүргізілген тексерулердің нәтижесі бойынша анықталған кемшіліктерді жою үшін осы тексеруді жүргізген адамдардың жазбаша нұсқауларын міндетті түрде орындауға міндетті.

2-тарау. Резервтік қорларды нығайтудың тәртібі

2.2.1. Ұлттық банктің бөлімшелері резервтік қорларды нығайту үшін Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшелеріне қолма-қол ақшаға қажеттілік сомасы көрсетілген тапсырыс береді.

2.2.2. Қолма-қол ақша айналымына жауапты Ұлттық Банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшелері алынған тапсырыс және қолма-қол

ақша айналымының орындалған талдауы негізінде Ұлттық Банк бөлімшелерінің резервтік қорларының ақшамен нығайтылуына қажеттігін есептейді және Ұлттық Банк Төрағасының жетекшілік жасайтын орынбасары бекітетін Ұлттық Банк бөлімшелерінің резервтік қорларын қолма-қол ақшамен ф.1 (осы Тәртіпке N 1 қосымша) нығайту туралы жоспардың жобасын жасайды.

Бекітілген жоспар негізінде Ұлттық банктің арнайы өкілетті бөлімшелері Ұлттық Банк Төрағасының жетекшілік жасайтын орынбасары бекітетін Ұлттық банк бөлімшелерінің ф.2 (осы Тәртіпке N 2 қосымша) резервтік қорларын нығайту туралы рұқсат қағаздың жобасын жасайды.

Бекітілген рұқсат қағаздың негізінде Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшелері Ұлттық банктің жіберуші бөлімшелеріне - Ұлттық банктің алушы бөлімшелерінің резервтік қорларын нығайту үшін резервтік қордан қолма-қол ақша беру мен дайындау туралы нұсқау жасайды. Бұл орайда нұсқауда банкноттар мен металл ақшалардың нақты құны, олардың көлемі, тозу дәрежесі, әрбір нақты құны бойынша сомасы және соманың жалпы жиыны анық көрсетіледі.

Сонымен бір мезгілде алушы - Ұлттық Банк бөлімшесіне тозған банкноттар мен ақаулы (бүлінген) металл ақшаларды әкету үшін дайындық туралы нұсқау жіберіледі. Бұл орайда әкетілетін тозған банкноттар мен ақаулы (бүлінген) металл ақшалардың көлемі алатын нығайтудың көлемінен асып кетпеуі тиіс.

2.2.3. Ұлттық Банк бөлімшелерінің резервтік қорларын нығайту туралы нұсқау онда белгіленген мерзімде орындалуы тиіс. Ұлттық банктің жіберуші бөлімшелерінің резервтік қорларды нығайтуға жібергендігі туралы Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне сол күні электрондық почтамен және резервтік қорларды нығайту үшін ф.3 (осы Тәртіпке N 3 қосымша) жіберілген қолма-қол ақша жөнінде мәліметтер жөнінде хабарлама жіберіледі. Хабарламада жіберілген жері, банкноттар мен металл ақшалардың нақты құны бойынша сомасы, тозу дәрежесі, соманың көлемі мен жалпы жиынтығы көрсетіледі, екі құжатқа да Ұлттық Банк бөлімшесінің басшысы, бас бухгалтері және касса меңгерушісі қол қояды.

2.2.4. Резервтік қорларды нығайту үшін алынған қолма-қол ақша Ұлттық Банктің алушы бөлімшесінде резервтік қорға ілеспе құжаттар негізінде толық тіркелуге тиісті.

2.2.5. Қолма-қол ақша резервтік қорға тіркелгенге дейін түбіртегі, пачкасы, бет жапсырмасындағы жазбасы және қапшыққа бекітілген тиісті мәлімет жазылған қағаз бойынша тексеріледі. Бүлінген орамдағы ақшалар инкассаторлар бригадасы қатыстырыла отырып парақтап саналуы және көлемі бойынша қайта саналуы тиіс. Қолма-қол ақшаны қайта санағанда табылған артық ақша олардың мөлшеріне қарамастан Ұлттық банк бөлімшесінің айналым кассасында тіркеледі.

Жетпеген сома, сондай-ақ төлем жасалмайтын, оның ішінде жалған (қолдан жасалған) қолма-қол ақша сомасы тиісті баланстық шотқа бұл сома дебеттеле отырып айналым кассасынан толықтырылады.

2.2.6. Қолма-қол ақша резервтік қорға тіркелгеннен кейін Ұлттық Банктің алушы бөлімшесі Ұлттық банктің жіберуші бөлімшесіне құндылықтарды алғандығы туралы растау жібереді және сонымен бір мезгілде бұл туралы Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне хабарлайды. Растау мен хабарлама электрондық почтамен Ұлттық банктің жіберуші бөлімшесі, алынған банкноттар мен металл ақшалардың тозу дәрежесі бойынша олардың нақты құны, саны, олардың әрқайсысының нақты құны бойынша сомасы мен жалпы жиынтығы көрсетіле отырып жіберіледі. Оның үстіне Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне резервтік қорларды нығайту үшін қолма-қол ақша алынғандығы туралы ф.4 (осы Тәртіпке N 4 қосымша) мәлімет жіберіледі. Жіберілген құжаттарға Ұлттық Банк бөлімшесінің басшысы, бас бухгалтері және касса меңгерушісі қол қояды.

Ұлттық банктің жіберуші бөлімшесіне және Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне Ұлттық банктің алушы бөлімшесінің резервтік қорына қолма-қол ақшаны тіркеген күні нығайтуды алғаны туралы хабарлануы тиіс.

3-тарау. Айналым кассаларын нығайтудың тәртібі

2.3.1. Айналым кассасына резервтік қордан қолма-қол ақша алу Ұлттық банк бөлімшесі басшысының жазбаша өкімі бойынша жүргізіледі.

2.3.2. Айналысқа қолма-қол ақша шығарудың нормасын Ұлттық Банк бөлімшесінің басшысы қолма-қол ақшаға деген қажеттілікке қарай (клиенттерден алынған өтінімге сәйкес) белгілейді.

Клиенттерден алынған өтінімдердің негізінде касса меңгерушісі қолма-қол ақшаға деген қажеттілік есебін келесі жұмыс күні жүргізеді.

Касса меңгерушісінің орындаған қолма-қол ақшаға деген қажеттілік есебі негізінде Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесінің басшысы айналысқа ақша шығару өкімінің ф.5 (осы Тәртіпке N 4 қосымша) жобасын жасайды. Айналысқа ақша шығару өкімі:

* өкімнің нөмірі мен күні;

* банкноттар мен металл ақшалардың нақты құны, тозу дәрежесі, көлемі мен сомасы, банкноттарды айналысқа шығарған кезде эмиссиялық бумада шығарылатын банкноттардың нөмірлер мен сериялары қосымша көрсетіледі;

* банкноттар мен металл ақшалардың жалпы жиынтық сомасы санмен;

* банкноттар мен металл ақшалардың жалпы жиынтық сомасы жазбаша көрсетіліп жасалады.

Айналысқа шығару өкімінің жобасына Ұлттық Банк бөлімшесінің басшысы

қол қояды. Өкімнің түпнұсқасы Ұлттық Банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне бухгалтерлік өткізілімдерді орындау және айналысқа шығарылған банкноттардың ведомосына ф.6 (осы Тәртіпке N 6 қосымша) және айналысқа шығарылған металл ақшалардың ведомосына ф.7 (осы тәртіпке N 7 қосымша) жазба жасайды жүзеге асыру үшін беріледі. Өкімнің түпнұсқасы өткізілімдер орындалғаннан кейін баланстан тыс шығыс ордерімен ф.8 (осы Тәртіпке N 8 қосымша) және кассалық кіріс ордерімен ф.9 (осы Тәртіпке N 9 қосымша) бірге күннің кассалық құжаттарына тігіледі.

Өкімнің көшірмесі айналысқа шығарылған банкноттар мен металл ақшалардың ведомостарымен бірге Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесінде жеке папкаға тігіледі.

2.3.3. Айналым кассасына резервтік қордан қолма-қол ақша алудың жүргізілгендігі туралы сол күні жедел электрондық кредиттік төлем тапсырысы (осы Тәртіпке N 10 қосымша) қосымшасында банкноттар мен металл ақшалардың тозу дәрежесі, олардың нақты құны, саны, олардың әрқайсысының нақты құны бойынша сомасы мен жалпы жиынтығы көрсетіле отырып жасалады. Жедел электрондық кредиттік төлем тапсырысына бес таңбалы нөмір қойылады, оның алғашқы үш саны Резерв қоры кітабындағы ф.11 (осы Тәртіпке N 11 қосымша) резервтік қордан ақша алу туралы жазбаның үш таңбалы реттік нөміріне сәйкес келеді және қалған екі саны кілтті (кілт есебі осы тәртіпке N 12 қосымша) б і л д і р е д і .

Жедел электрондық кредиттік төлем тапсырысы қосымшасымен бірге Ұлттық Банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне жіберіледі.

4-тарау. Резервтік қорларға айналым кассасынан қолма-қол ақшаның лимиттен тыс қалдығының сомасын беру

2.4.1. Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесі жеке Ұлттық банктің әрбір бөлімшесі үшін айналым кассасының лимитін белгілейді.

2.4.2. Ұлттық банктің бөлімшелері күн сайын айналым кассасының белгіленген лимитінен асып кеткен сомаға резервтік қорға (айналыстан ақша алу) қолма-қол ақша салуды жүргізеді. Резервтік қорға қолма-қол ақша сомасын салу толық пачкамен немесе қапшықпен жүргізіледі. Операциялық күн соңында касса бойынша қорытынды жасағаннан кейін касса меңгерушісі банкноттар мен металл ақшалардың тозу дәрежесі, олардың нақты құны, саны, олардың әрқайсысының нақты құны бойынша сомасы мен жалпы жиынтығы көрсетілген айналымынан алынған ұлттық валютадағы банкноттар мен металл ақшалардың тізімдемесін ф .13 (осы Тәртіпке N 13 қосымша) жасайды. Ұлттық банк бөлімшесінің басшысы, бас бухгалтері мен касса меңгерушісі тексеріп қол қойған ф.13 тізімдеме Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне беріледі, ол жерде осы ф.13 тізімдемеге сәйкес бухгалтерлік өткізілімдер және олар айналыстан

алынған банкноттардың тозу дәрежесі, олардың нақты құны, саны, олардың әрқайсысының нақты құны бойынша сомасы мен жалпы жиынтығы көрсетілген ф.14 (осы Тәртіпке N 14 қосымша) ведомостқа және айналыстан алынған металл ақшалардың тозу дәрежесі, олардың нақты құны, саны, олардың әрқайсысының нақты құны бойынша сомасы мен жалпы жиынтығы көрсетілген ф.15 (осы Тәртіпке N 15 қосымша) ведомостқа жазба жасалады. Тізімдеменің түпнұсқасы баланстан тыс кіріс ордерімен ф.16 (осы Тәртіпке N 16 қосымша) және кассалық шығыс ордерімен ф.17 (осы Тәртіпке N 17 қосымша) бірге күннің кассалық құжаттарына тігіледі.

ф.13 тізімдеменің көшірмесі ф.14, ф.15 ведомостармен Ұлттық Банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесінде жеке папкаға тігіледі.

2.4.3. Резервтік қорға қолма-қол ақша салудың жүргізілгендігі туралы сол күні Ұлттық Банктің бөлімшесі жедел электрондық дебеттік төлем тапсырысы ф.18 (осы Тәртіпке N 18 қосымша) қосымшасында банкноттар мен металл ақшалардың тозу дәрежесі, олардың нақты құны, саны, олардың әрқайсысының нақты құны бойынша сомасы мен жалпы жиынтығы көрсетіле отырып жасалады. Жедел электрондық дебеттік төлем тапсырысына бес таңбалы нөмір қойылады, оның алғашқы үш саны резерв қорына ақша салу туралы кітаптағы ф. 11 жазбаның үш таңбалы реттік нөміріне сәйкес келеді және қалған екі саны кілтті (N 12 қосымша) білдіреді.

Жедел электрондық дебеттік төлем тапсырысы қосымшасымен бірге Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне жіберіледі.

3-бөлім. Кассалық операциялар жасаудың тәртібі

1-тарау. Ұлттық Банк бөлімшелерінде кассалық жұмыстарды ұйымдастыру

3.1.1. Ұлттық Банк бөлімшелерінде қолма-қол ақшамен операциялар жасау үшін айналым кассасы құрылады, олар:

- * кіріс ;
- * шығыс ;
- * кіріс - шығыс ;
- * ұсату ;

* қайта санау болып бөлінеді.

3.1.2. Ұлттық банк бөлімшелерінде айналым кассасын өзіне сеніп тапсырылған қолма-қол ақшаның сақталуына материалдық жауапкершілікте болатын меңгеруші басқарады, касса қызметкерлерінің аппараты басшылықты жүзеге асырады және Ұлттық банктің орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесінің басшысымен бірге бөлімшенің кассалық жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылуына жауап береді.

3.1.3. Жеке касса қызметкерлерін уақытша ауыстырғанда немесе жұмысқа көмектесу үшін Ұлттық Банк бөлімшесі басшысының өкімімен кассалық операцияларды жасау Ұлттық банк бөлімшесінің өзіне жүктелген міндеттермен алдын-ала танысуға тиісті арнайы дайындалған қызметкеріне жүктелуі мүмкін.

3.1.4. Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшылары бөлімше кассаларында қолма-қол ақша қабылдаудың, берудің және сақтаудың белгіленген тәртібін қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға міндетті.

3.1.5. Кассаның үй-жайы бөгде адамдардың ақша қоймасының орналғанын байқауын және зерттеуіне ешқандай мүмкіндік бермейтіндей түрде оңаша болуы және жабдықталуы тиіс. Кассаның үй-жайының есігі жұмыс күні аралығында ішкі жағынан жабылуға тиіс.

3.1.6. Әрбір кассирдің жұмыс орны кабина орнату немесе қалқа жасау жолымен оңашалануы тиіс. Кассаның кабинасы құндылықтардың сақталуына материалдық жауапты адамның немесе лауазымды адамның кассирлердің жұмысын көріп отыруы мүмкін болатындай түрде жабдықталуы керек. Касса кабинеттерінің терезелері ішкі жағынан жабылатын есікшелермен жабдықталуы тиіс. Жұмыс күні кезінде қолма-қол ақшаны сақтау үшін кассирлер құлыппен жабылатын сейфтермен немесе металл шкафтармен немесе арнайы арбамен қамтамасыз етілуі керек.

3.1.7. Кассирлердің жұмыс күні аралығында уақытша болмаған кезінде жұмыс үстелінде қолма-қол ақшаны ашық күйде қалдыруына, жанбайтын сейфтер мен металл шкафтарды немесе үстелдердің жәшіктерін жаппай кетуіне тыйым салынады.

Кассирлердің өз ақшалары, сырт киімдері және басқа заттары касса үй-жайынан арнайы бөлектенген бөлмеде немесе шкафта сақталуы тиіс.

3.1.8. Касса қызметкерлерінен басқа кассаға кіруге басшыға бас бухгалтерге, Ұлттық банк орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесінің басшысына және олардың орынбасарларында рұқсат етіледі. Кассаға басқа адамдардың кіруіне Ұлттық банк бөлімшесінің басшысы, ал ол болмағанда - оның орынбасары қол қойған бір жолғы рұқсатнама бойынша рұқсат етіледі.

3.1.9. Қолма-қол ақшаның сақталуына жауапты әрбір касса қызметкері банкноттардың пачкалары мен металл ақшалардың қапшықтарын мөрлеу немесе пломбылау үшін бәсіре штамппен және жеке пломбирмен немесе клишемен жабдықталуы тиіс. Айналым кассаларында сондай-ақ резервтік қорларда тұрған қолма-қол ақшаның сақталуына жауапты лауазымды адамдар Ұлттық Банк бөлімшесінің атауы бедерленген металл мөрмен және мөрдің реттік нөмірімен, сондай-ақ пломбирмен немесе клишемен жабдықталуы тиіс. Мөрлердің, пломбирлердің, жеке кодтары бар клишелердің, қойманың, сейфтің және металл шкафтардың кілттерінің сақталуына жауапкершілік лауазымды адамдарға және

кассаның қызметкерлеріне жүктеледі.

3.1.10. Ұлттық Банк бөлімшелерінің касса қызметкерлерінде Ұлттық банк бөлімшесінің операциялық бөлімі қызметкерлерінің қойылған қолдарының үлгілері, тиісінше касса қызметкерлерінің қойған қолдарының үлгілері болуы керек.

Касса және операциялық бөлім қызметкерлерінің қойған қолдарының үлгілерінің дер мезгілінде ауыстырылуына және ауыстырылғаннан кейін олардың дер мезгілінде алынуына бақылау жасауды Ұлттық Банк бөлімшесінің бас бухгалтері жүзеге асырады.

3.1.11. Әрбір кіріс, шығыс кассаларының кассиры және қайта санау кассасының бақылаушысы Резервтік қорлар мен айналым кассаларынан ф.19 (осы Тәртіпке N 19 қосымша) қабылданған және берілген ақшалар мен құндылықтардың Есеп жүргізу кітабын жүргізіп, онда касса меңгерушісінің қойған қолы арқылы алынған және берілген қолма-қол ақшаның жазбасын жазады. Касса меңгерушісі өз кітабын ф.19 жүргізеді, онда сондай-ақ кассирлердің міндетті түрде қолдары қойылған, кассирлерден қолма-қол ақшаның берілгендігі және алынғандығы туралы жазба жазады.

3.1.12. Қолма-қол ақшаның қозғалысы кассалық кітаптар мен журналдарда есепке алынады, олар нөмірленуге, тігілуге, мөрмен бекітілуге және құндылықтардың сақталуына жауапты үш лауазымды адамның қойған қолдарымен куәландырылуға тиіс.

3.1.13. Ұлттық Банктің әрбір бөлімшесінде клиенттердің танысулары үшін алғаш талап еткенде берілетін ұлттық валютадағы банкноттар мен металл ақшалардың үлгілері болуы тиіс. Кассаның операциялық күні аяқталған соң үлгілер басқа құндылықтармен бірге резервтік қорларда сақталуы керек.

2-тарау. Кіріс кассаларының қолма-қол ақша қабылдауы

3.2.1. Ұлттық Банктің бөлімшелерінің кіріс кассалары клиенттердің операциялық күн ішінде тапсырған қолма-қол ақшасын қабылдауды жүзеге асырады.

3.2.2. Ұлттық Банктің бөлімшелерінің кіріс кассаларының екінші деңгейдегі банктерден қолма-қол ақша қабылдауы Ұлттық Банктің бөлімшесі мен екінші деңгейдегі банктер арасында жасалған шарт негізінде жүргізіледі. Келісімнің бірден бір шарты екінші деңгейдегі банктердің корреспонденттік шотынан екінші деңгейдегі банктерден қабылданған қолма-қол ақшаның анықталған жетімсіздігін даусыз есептен шығару және екінші деңгейдегі банктердің корреспонденттік шотына қабылданған қолма-қол ақшаны қайта санаған кезде жасалған тиісті актілердің негізінде анықталған қолма-қол ақшаның артылған сомасын екінші деңгейдегі банктердің корреспонденттік шотына тіркеу құқығы болып табылуға тиіс.

Ұлттық Банк бөлімшелерінің кіріс кассасына басқа клиенттерден қолма-қол ақша қабылдау шартты жасаспай-ақ операциялық бөлімнің қызметкері көшірген ф.9 кассалық кіріс ордері негізінде банкноттарды парақтап және металл ақшаларды көлемі бойынша қайта санау арқылы жүргізіледі.

3.2.3. Екінші деңгейдегі банктерден қолма-қол ақша қабылдау қолма-қол ақша жарналарына ф.20 (осы Тәртіпке N 20 қосымша) хабарландыру бойынша тапсырылған ақшаның тізімдемесінің қосымшасымен ф. 21 (осы Тәртіпке N 21 қосымша) жүзеге асырылады, онда мыналар көрсетіледі:

* тозу дәрежесі бойынша бөлек, нақты құны, көлемі және сомасы бойынша тапсырылған банкноттар;

* тозу дәрежесі бойынша бөлек, нақты құны, көлемі және сомасы бойынша тапсырылған металл ақшалар;

* банкноттар мен металл ақшалардың санмен көрсетілген жалпы сомасы;

* банкноттар мен металл ақшалардың жазбаша көрсетілген жалпы сомасы, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктің қолма-қол ақша тапсырушы кассирінің қолы қойылады.

Ф.20 хабарландыру үш бөліктен - хабарландырудан, ордер және түбіртекпен тұратын құжат болып табылады. Басқа клиенттерден қолма-қол ақша қабылдау ф.9 кассалық кіріс ордері бойынша жүргізіледі. ф.9 кассалық кіріс ордері операциялық қызметкерлерге үш дана етіп жазылады: бірінші және үшінші кіріс кассасына беріледі, екінші операциялық қызметкерде қалады.

3.2.4. Операциялық бөлімнің қызметкері екінші деңгейдегі банктен ф.20 хабарландыруды қабылдап, оның дұрыс толтырылғанын тексеріп, қол қояды. Алынған тізімдеме негізінде кіріс кассасы қабылдаған ф.22 (осы Тәртіпке N 22 қосымша) ұлттық валютадағы банкноттар ведомосына және кіріс кассасы қабылдаған ф.23 (осы Тәртіпке N 23 қосымша) ұлттық валютадағы металл ақшалар ведомосына жазба жазылады. Сонан соң ф.20 хабарландыру тікелей кіріс кассасының кассиріне, ал ф.21 тізімдемесі ф.22, ф.23 ведомостарға қоса тіркеледі.

Кіріс құжаттарын қолма-қол ақша енгізуші арқылы беруге тыйым салынады.

3.2.5. Касса қызметкері клиенттің шотын жүргізуші операциялық қызметкерден ф.20 хабарландыруды алып, операциялық қызметкерлердің қойған қолдарының барлығын және клода бар қол қою үлгілерімен сәйкестігін тексеруге, онда санмен және жазбаша көрсетілген сомалардың сәйкестігін салыстыруға, құжат толтырғанда белгіленген реквизиттердің барлығын, қолма-қол ақша тапсырушы клиентті шақыруға және қолма-қол ақша қабылдауға міндетті.

3.2.6. Ұлттық банк бөлімшесінің кіріс кассасы екінші деңгейдегі банктерден толық пачкаларға, қапшықтарға оралған, тек түзу дәрежесі бойынша сұрыпталған банкноттар мен металл ақшаларды қабылдайды. Толық емес

пачкадағы банкноттар мен қапшықтағы металл ақшаларды қабылдау Ұлттық банк бөлімшесі басшысының жазбаша рұқсаты бойынша жүргізіледі. Сұрыпталған банкноттар мен металл ақшалар қабылдауға жатпайды.

3.2.7. Екінші деңгейдегі банктерден қолма-қол ақша қабылдау пачкаға жапсырмадағы және түбіршектегі жазбалар бойынша және парақтап қайта санамай және көлемі бойынша қайта санамай қапшыққа жапсырылған тиісті мәлімет жазылған қағаздағы жазба бойынша қайта санай отырып қабылданады. Бұл орайда кіріс кассасының кассирі пачканың, жапсырманың ресімделгенінің дұрыстығын және клишенің немесе пломбаның барлығын тексереді. Қабылданған қолма-қол ақшаны парақтап қайта санауды және көлемі бойынша қайта санауды Ұлттық Банк бөлімшесінің қайта санау кассасы қолма-қол ақша қабылданған күннен бастап 15 жұмыс күні аралығында жүргізеді.

Басқа клиенттердің қолма-қол ақша қабылдау банкноттарды парақтап қайта санай және металл ақшаларды көлемі бойынша қайта санай отырып жүргізіледі.

Кіріс кассасы кассирінің үстелінде ақша тапсырған адамның ғана ақшалары болуы керек. Барлық бұрын қабылданған ақша сейфте, металл шкафта, үстел жәшігінде немесе арнайы арбада сақталуы тиіс.

3.2.8. Кіріс кассасының кассирі қолма-қол ақша қабылдағаннан кейін ф.20 хабарландыруда немесе ф.2 кассаның кіріс ордерінде көрсетілген сомамен қайта санағандағы нақты соманы салыстырады. Кіріс құжаттарындағы сома нақты қабылданған қолма-қол ақша сомасымен сәйкес келгенде кассир хабарландыруға қол қояды, оған түбіртек пен ордер жазады, түбіртекке мөр басады және оны клиентке береді. Хабарландыруды кассир өзінде қалдырады, ал хабарландыруға жазылған ордерді тиісті операциялық қызметкерге береді. ф.9 кассалық кірістерде кіріс ордерімен ақша қабылдаған кезде ордердің үшінші данасы кассирдің мөрімен және қойған қолымен клиентке беріледі, бірінші кассирде қ а л а д ы .

3.2.9. Тапсырылған ақша мен хабарландыруда көрсетілген сома арасында алшақтықтар байқалған жағдайда хабарландыруды клиент нақты енгізген ақша сомасына қайта ресімдеуге тиіс.

Кіріс кассасының кассирі хабарландырудың сырт жағына нақты қабылданған ақша сомасын жазады, қол қояды және операциялық қызметкерге қайтарады.

Кіріс құжаттарына түзету енгізуге болмайды.

Қайта толтырылған хабарландыруды операциялық қызметкер тексереді. Бұрын алған тізімдеме ауыстырылмайды, ал клиент өзі оған түзету енгізеді және өзінің қойған қолымен растайды, клиенттің енгізген түзетулері негізінде операциялық қызметкер ф.22, ф.23 ведомостарға түзетулер енгізеді. Сонан соң толтырылған хабарландыру кіріс кассасының кассиріне беріледі.

3.2.10. Егер клиент ақшаны кассаға салмаған болса, кассир хабарландыруды

операциялық қызметкерге қайтарып береді. ф.22, ф.23 ведомостардағы жазбалар жойылады, тізімдеме сызылады да ведомостқа қосылады және күннің кассалық құжаттарына қоса тігіледі.

3.2.11. Операциялық күн ішінде кіріс кассасының кассирі ф.22, ф.23 ведомостарын жүргізеді, онда кіріс құжаттарының барлық реквизиттері және нақты қабылданған банкноттар мен металл ақшалардың нақты құны, саны, әрбір нақты құны бойынша сомасы және соманың жалпы жиынтығы көрсетіледі. Ведомостардың жиыны операциялық күн соңында кіріс құжаттарының жалпы сомасымен және жеке кіріс құжаттарының барлық банкноттары мен металл ақшаларының жалпы сомасымен салыстырылады.

Операциялық күн аяқталған соң кіріс кассасының кассирі қабылданған ақша сомасын кіріс құжаттары сомасымен, қолма-қол ақшаның нақты қалдығымен салыстырады және кіріс кассасы кассирінің қабылданған ақша сомасы мен кассаға келіп түскен ақша құжаттарының саны ф.24 (осы Тәртіпке N 24 қосымша) туралы анықтама жасайды. ф.24 Анықтама мәліметтері ф.22, ф.23 ведомостардың жиынтық сомасымен салыстырылады, сомалар бірдей болған жағдайда кіріс кассасының кассирі көрсетілген анықтамаға өзінің қолын қояды. Жиынтығын шығару аяқталғаннан кейін кіріс кассасының кассирі анықтамада көрсетілген касса айналымын операциялық қызметкердің ф.22, ф.23 ведомостардағы жазбаларымен салыстырады. Жүргізілген салыстыру нәтижесі операциялық қызметкердің ф.22, ф.23 ведомостарындағы кассирдің қойған қолымен және кіріс кассасы кассирінің ф.24 анықтамасындағы операциялық қызметкердің қойған қолымен куәландырылады.

3.2.12. Кіріс кассасының кассирі операциялық күн ішінде қабылдаған қолма-қол ақша, кіріс құжаттары, ф.22, ф.23 ведомостар ф.19 кітаптағы қолхат арқылы касса меңгерушісіне өткізіледі.

3.2.13. Касса меңгерушісі банкноттардың толық пачкасын түбіршектің саны мен жапсырмадағы жазба бойынша және металл ақшаларды қапшықтарға жапсырылған тиісті мәліметтер жазылған қағаздағы жазбалар бойынша қабылдайды, кіріс кассасы кассирдің анықтамасына сәйкес қабылданған ақшаны және кассирдің анықтамасында көрсетілген қабылданған қолма-қол ақша сомасы мен ф.22, ф.23 ведомостардағы сома сәйкес келгенде кассирдің анықтамасына қол қояды. Кіріс кассасының қабылданған және тексерілген құжаттары күннің к а с с а құ ж а т т а р ы н а тігіледі.

3.2.14. Операциялық күн ішінде түскен барлық қолма-қол ақша айналым кассасына кіріскен қабылдануы және сол операциялық күні клиенттердің тиісті шотына тіркелуі тиіс.

3-тарау. Ұлттық Банк бөлімшелері шығыс кассаларының қолма-қол ақша беру жөніндегі жұмысын ұйымдастыру

3.3.1. Қолма-қол ақша беруді Ұлттық банктің шығыс кассалары жүзеге асырады.

3.3.2. Қолма-қол ақша беру белгіленген нысандағы мынадай шығыс құжаттары:

* чек бойынша;

* кассалық шығыс ордері бойынша жүргізіледі.

3.3.3. Клиенттер бір күн бұрын қолма-қол ақша алу үшін операциялық қызметкерге ф.25 (осы Тәртіпке N 25 қосымша) қолма-қол ақша алуға тапсырыс береді, онда мыналар көрсетіледі:

* нөмірі және күні;

* құндылықты беретін Ұлттық Банк бөлімшесінің атауы;

* бет есептің нөмірі және алушының аты-жөні;

* банкноттар мен металл ақшалардың жалпы сомасы санмен;

* банкноттар мен металл ақшалардың жалпы сомасы жазбаша, сондай-ақ өкілетті адамның қолы қойылады.

3.3.4. Ф.5 өкіметінің негізінде касса меңгерушісі шығыс кассасы кассирдің есептілігімен қолма-қол ақшаның қажетті сомасын ф.19 өз кітабына қол қойғыза отырып береді. Соған орай шығыс кассасының кассиріне қолма-қол ақша тек Ұлттық Банктің орауымен беріледі. Толық және толық емес пачкаларды кассир жапсырмалардағы жазбалар бойынша түбіршектерімен тексеру, сондай-ақ толық емес түбіршектерді парақтап қайта санау арқылы қабылдауды. Металл ақшаларды кассир қапшықтарға жапсырылған тиісті мәліметтер жазылған қағаздағы жазба бойынша қабылдайды.

3.3.5. Қажетті ақша сомасын алғаннан кейін кассир қолма-қол ақша беруді жүзеге асырады.

3.3.6. Қолма-қол ақша алуға чектерді клиенттер операциялық бөлімнің қызметкерлеріне береді, олар: клиенттердің қойған қолдарын қолда бар қол қою үлгілерімен сәйкес келуін; клиенттің банктік шотындағы (корреспонденттік шотындағы) ақша қалдығының сәйкес келуін; чекте көрсетілген алушы туралы мәліметтердің жеке куәліктегі мәліметтермен сәйкес келуін тексереді және өкілетті адамға чектің бақылау маркасын кассаға көрсету үшін береді. Операциялық бөлімнің қызметкері чекті ф.26 (осы Тәртіпке N 26 қосымша) кассалық шығыс журналына тіркегеннен кейін ішкі тәртіппен шығыс кассасының кассиріне береді.

Клиенттің тиісті шотындағы ақша жетімсіз болғанда чек клиентке қайтарылады.

3.3.7. Ф.17 кассалық шығыс ордерін қолма-қол ақша беру үшін операциялық бөлімнің қызметкері үш дана етіп жазады, одан кейін ф.26 кассалық шығыс журналында тіркеледі. ф.17 кассалық шығыс ордерінің бірінші және үшінші

данасы шығыс кассасына беріледі, екіншісі - операциялық қызметкерде қалады және ф.26 кассалық шығыс журналына қ о с ы л а д ы .

3.3.8. Шығыс құжаттарын қолма-қол ақша алушы арқылы беруге тыйым с а л ы н а д ы .

3.3.9. Қолма-қол ақша беруге шығыс құжаттарын алғаннан кейін кассир:

* шығыс құжаттарындағы клиенттің шотын жауапты қызметкерлердің қойған қолдарының барлығын және олардың қолда бар қол қою үлгілерімен сәйкес к е л у і н ;

* санмен көрсетілген соманы жазбаша көрсетілген сомамен салыстыруға;

* жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткені жөнінде мәліметтердің бар екендігін тексеруге және олардың алушының жеке басын куәландыратын құ ж а т п е н б і р д е й л і г і ;

* қолма-қол ақша алушыны шағыруға және одан алатын ақшасының сомасын с ұ р а у ғ а ;

* бақылау маркасының нөмірін салыстыруға және оны ақша чегіне ж а п с ы р у ғ а ;

* қолма-қол ақша сомасын әзірлеуге;

* беруге әзірленген ақшаны алушының қатысуымен қайтадан санап шығуға;

* алушыға ақша беруге және шығыс құжатына қол қоюға міндетті.

3.3.10. Шығыс кассасының кассирі банкноттарды беруді орауы бүлінбеген жапсырмадағы және бандеролдағы көрсеткіштері бойынша парақтап қайта санамастан толық пачкамен жүргізеді. Толық емес пачкадағы және орауы бүлінген пачкадағы банкноттар жеке түбіршекпен кассирге парақтап қайта санауға беріледі. Қапшықтарға салынған металл ақшалар қапшыққа бекітілген тиісті мәлімет жазылған қағаздағы жазба бойынша беріледі, пакетке салынған металл ақшалар - олардағы жазба бойынша беріледі.

3.3.11. Пачканы жеке түбіршек немесе парақ түрінде беру үшін ашқан кезде шығыс кассасының кассирі барлық пачканы парақтап алдын ала қайта санауға м і н д е т т і .

3.3.12. Шығыс кассасы кассирлерінің қолма-қол ақша беріп жатқан кезде алушылардың талап етуі бойынша бір нақты құндағы ақшаны басқасына айырбастауына т ы й ы м с а л ы н а д ы .

3.3.13. Алынған ақша қолма-қол ақшаны, пачка мен түбіршек, жеке парақтарды парақтап қайта санау бойынша банкноттарды, қапшықтарға жапсырылған тиісті мәлімет жазылған қағаздағы жазбалар бойынша металл ақшаларды, пакеттегі жазбалары бойынша металл ақшаларды берген кассирдің қатысуымен кассадан алыс кетпестен қайта саналуы және алушының тексеруі т и і с .

Бұл орайда банкноттар бар толық пачкалардағы және металл ақша бар қапшықтардағы пломбалар мен клишелер алушының қатысуымен кесіп алынады.

Егер қолма-қол ақша алушы банкноттарды парақтап және металл ақшаларды көлемі бойынша қайта санап алуға тілек білдірсе, онда мынадай шарттар сақталуы тиіс:

* банкноттар бар толық пачкадағы және металл ақша бар қапшықтардағы пломбалар мен клишелер кесілмейді;

* алушы шығыс кассасының кассирінен қолма-қол ақша алған кезде және ақшаны қайта санау арнайы бөлінген орында қайта санау кезінде қайта санау процесіне қатысушы кассирдің (бақылаушының) бақылауында болуға тиіс;

* қайта санау кезінде көріп отырып бақылаушы кассир (бақылаушы) сонымен бір мезгілде орай материалы (жоғары және төменгі жапсырмалар, тексерілетін пачканың пломбасымен және бандеролдың орап байлауы немесе клишесі, металл ақша салынған қапшықтың тиісті мәлімет жазылған қағазы) барлық банкноттардың пачкасы немесе металл ақшалардың қапшығы қайта саналып біткенше сақталуын бақылайды;

* клиентке жетімсіз соманың орны толтырылады және келесі орнын толтыруы үшін кінәлі адамдардың есебіне жатқызылады;

* қайта санаған кезде анықталған қолма-қол ақшаның артығы кассаға кіріске алынады және Ұлттық Банктің пайдасына жазылады;

* қалған, клиенттердің қайта санамаған банкноттардың толық пачкасынан және металл ақшалардың қапшықтарынан кассир (бақылаушы) пломбалар мен клишелерді кесіп алады.

3.3.14. Егер банкноттармен металл ақшаларды қайта санау Ұлттық банк бөлімшесінің арнайы бөлінген орнында жүргізілмей, Ұлттық Банк бөлімшесінен тыс үй-жайда жүргізілсе, онда клиенттердің осы жағдай туралы өтініштері қаралмайды және қайта санау, орау және беру бойынша шағымдарын Ұлттық Банк қабылдамайды.

3.3.15. Қолма-қол ақша алушылардың шағымдарының қанағаттандырылғанына қарамастан Ұлттық Банк бөлімшесінің басшысы ақша жетімсіздігі туралы өтінішті тексеруге шара қабылдауы керек.

3.3.16. Операциялық күн ішінде шығыс кассасының кассирі шығыс кассасы берген, шығыс құжаттарының барлық реквизиттері көрсетілген ф.27 ұлттық валютадағы банкноттар ведомосын (осы Тәртіпке N 27 қосымша), шығыс кассасы берген ф.28 ұлттық валютадағы металл ақшалар ведомосын (осы Тәртіпке N 28 қосымша), шығыс кассасы берген ф.28 "а" ұлттық валютадағы (коллекциялық, күміс, алтын) металл ақшалар ведомосын (осы Тәртіпке N 28 "а" қосымша) жүргізеді. Ведомостардың жиыны операциялық күн соңында шығыс

құжаттарының жалпы сомасын және жеке шығыс құжаттарындағы банкноттар мен металл ақшалардың жалпы сомасымен салыстырылады.

Операциялық күн аяқталған бойда шығыс кассасының кассирі берілген ақша сомасын шығыс құжаттарындағы сомамен, қолма-қол ақшаның нақты қалдығымен және есеп беру түрінде алынған сомамен салыстырады және шығыс кассасы кассирінің берілген ақша сомасы мен есеп беру түрінде алынған сома ф.29 (осы Тәртіпке N 29 қосымша) туралы анықтамасын жасайды. ф.29 анықтаманың мәліметтері ф.27, ф.28, ф.28 "а" ведомостарының жиынтық сомасымен салыстырылады. ф.29 анықтамадағы сома мен ф.27, ф.28, ф.28 "а" ведомостарының сомалары бірдей болған жағдайда шығыс кассасының кассирі көрсетілген анықтамаға өз қолын қояды. Жиынтығын шығару аяқталғаннан кейін шығыс кассасының кассирі ф.29 анықтамада келтірілген касса айналымын операциялық бөлім қызметкерінің ф.26 кассалық шығыс журналының жазбаларымен салыстырады. Жүргізілген салыстыру нәтижесі кассирдің қойған қолымен операциялық бөлім қызметкерінің ф.26 кассалық шығыс журналында және операциялық қызметкердің қойған қолымен шығыс кассасы кассирінің ф.29 анықтамасында куәландырылады.

3.3.17. Кассалық шығыс операцияларын касса меңгерушісі орындайтын Ұлттық банк бөлімшелерінде ф.29 анықтама жасалмайды, ал шығыс бойынша айналым сомасы ф.30 (осы Тәртіпке N 30 қосымша) касса айналымы туралы жиынтық анықтамаға қосылады.

3.3.18. Шығыс кассасының кассирі ф.19 кітапты жүргізеді, онда касса меңгерушісінен беру түрінде алынған қолма-қол ақшаның жалпы сомасының, төленген құжаттардың саны мен сомасының, олардың касса меңгерушісінің қол қоюы арқылы кері тапсырған есеп берілетін сомалары қалдығының жазбасы жүзеге асырылады.

Белгіленген тәртіппен жасалған қолма-қол ақшаның қалдығы және кассалық шығыс құжаттары бір күн бұрын ф.29 анықтамамен және ф.27, ф.28, ф.28 "а" ведомостарымен бірге шығыс кассасының кассирі ф.19 кітапқа қол қоя отырып касса меңгерушісіне өткізеді, ол ведомостарды, кассалық шығыс құжаттарымен бірге есепті анықтаманы тексеріп, оларға қол қояды.

3.3.19. Айналым кассасының жұмыстары аяқталғаннан және айналым кассасының қалдығының жиынтығы шығарылғаннан кейін шығыс кассасының кассирі клиенттердің өтінімдері бойынша және касса меңгерушісінен алған клиенттердің чектерінің негізінде қолма-қол ақшаны алдын-ала әзірлеу және орау жұмыстарын жүргізе алады.

Қолма-қол ақшаны алдын ала әзірлеу және орауды осы қызмет жүктелген шығыс кассасының кассирі жүргізе алады.

Қолма-қол ақшаны алдын ала әзірлеу үшін шығыс кассасының кассирі касса

меңгерушісінің ф.19 кітаптағы қолмен қолма-қол ақшаны алады. Егер айналым кассасындағы бар қолма-қол ақша сомасы жеткіліксіз болса, онда ол қолма-қол ақшаны қосымша резервтік қордан өңдеу, тексеруді бақылап қайта санау және қоймаға қайта өткізу үшін ақша қоймасынан банкноттар мен басқа құндылықтарды берудің есебін жүргізу жөніндегі кітапқа ф.31 (осы Тәртіпке N 31 қосымша) қол қоя отырып алады. Касса меңгерушісінен алған қолма-қол ақшаның сомасына кассир алынған қолма-қол ақшаның тізімдемесін ф.32 (осы Тәртіпке N 32 қосымша) жасайды. ф.32 тізімдеме банкноттар мен металл ақшалардың тозу дәрежесі, олардың нақты құны, саны, банкноттар мен металл ақшалар бойынша жеке жиынтығын және қолма-қол ақшаның жалпы сомасының жиынтығын шығара отырып, тізімдемеге касса меңгерушісі қолма-қол ақшаны бергендігін, ал кассир оларды алғандығын растап қолдарын қояды.

3.3.20. Әрбір чек бойынша жеке әзірленген қолма-қол ақша (толық және толық емес пачкалардағы немесе қапшықтардағы) сыртында тігісі жоқ қапшықтарға салына алады. Қапшықтың аузы тігіледі және түйінсіз және үздіксіз шпагатпен нығыздап байланады. Тиісті мәліметтер жазылатын қағазға оралған күні және салынған ақшаның жалпы сомасы, сондай-ақ кассирдің қолы мен бәсіре штампы қойылады. Шпагаттың ұштары тұйықталып байланады және пломбыланады. Тиісті мәлімет жазылатын қағазға чек жапсырылады.

3.3.21. Қолма-қол ақша салынған беруге әзірленген қапшық кассир пломбылайтын, әрбір қапшыққа салынған ақшалардың сомасы мен арнайы арбадағы қолма-қол ақшаның жалпы сомасы жеке көрсетілген тиісті мәліметтер жазылатын қағазбен жабықталатын, құлыппен жабылатын арнайы арбаға орналастырылуы мүмкін. Тиісті мәліметтер жазылатын қағазға күні, кассирдің қолы мен бәсіре штампы қойылады. Бұл жағдайда клиенттердің барлық чектері жалпы тиісті мәліметтер жазылатын қағазға жапсырылады.

3.3.22. Айналым кассасының есебінен беруге әзірленген қолма-қол ақшаны касса меңгерушісі кассирдің ф.19 кітабына қолын қоя отырып қабылдайды, ал резервтік қордың есебінен әзірленгендерді (белгіленген тәртіппен оралған пайдаланылмаған ақшаның қалдығымен бірге) құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адам ф.31 кітапқа қол қоя отырып қабылдайды.

Ақша қабылдау қапшықтарға (арбаларға) жапсырылған тиісті мәліметтер жазылған қағаздағы жазбалар бойынша, олардың тұтастығын, оралуының дұрыстығы және пломбирдегі басылған бедерлердің анықтығы тексеріліп жүргізіледі.

Соған ұқсас тәртіппен шығыс кассасының кассирі келесі операциялық күні таңертең ф.19 кітапты жүргізетін касса меңгерушісінің қойған қолымен ақша қабылдауды жүргізеді.

3.3.23. Резервтік қордан айналым кассасына алдын ала әзірленген қолма-қол

ақша беру (пайдаланылмаған ақшаның қалдығымен бірге) келесі операциялық күні таңертең осы Тәртіпте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Алдын ала әзірленген қолма-қол ақшаны беруді шығыс кассасының кассирі осы Тәртіпте белгіленген қолма-қол ақша берудің тәртібімен жүргізіледі. Берілетін қапшықтардан пломбалар алынбайды.

3.3.24. Алушылардың қапшықтары ашуы Ұлттық банк бөлімшелерінің осы үшін арнайы бөлінген үй-жайында қапшықтан пломбаны кесетін касса қызметкерінің (бақылаушының) бақылауымен жүргізіледі.

4-тарау. Кіріс-шығыс және ұсату кассаларының жұмыстарын ұйымдастыру

3.4.1. Кіріс-шығыс кассаларының қолма-қол ақшалары қабылдауы және беруі кіріс-шығыс кассалары тиісінше белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Операциялық күн аяқталған бойда кіріс-шығыс кассаларының кассирі ф.29 анықтаманы жасайды, сырт жағына кіріс сомасы мен шығыс сомасы көрсетіледі.

3.4.2. Ұсату кассалары ұсатылған металл ақшаларды банкноттарға а й ы р б а с т а у д ы жү р г і з е д і .

3.4.3. Ұсату кассасының кассирі касса меңгерушісінен ф.19 кітапқа қол қоя отырып ұсақ металл ақшаның қажетті сомасын алады.

Клиенттерден банкноттардан ала отырып, кассир оның өтінішіне сәйкес қажетті нақты құндағы металл ақшаны жинап алады, олардың сомасын тексереді және оларды клиенттерге береді.

Операциялар аяқталған бойда кассир алынған банкноттар мен қалған металл ақшаларды касса меңгерушісіне ф.19 кітапқа қол қоя отырып береді.

Бұл орайда ұсату кассасының кассирі ф.22, ф.23 ведомостарды жүргізеді.

5-тарау. Қайта санау кассаларының жұмыс тәртібі

3.5.1. Ұлттық банк бөлімшелерінде банкноттар мен металл ақшаларды сұрыптауды, дер мезгілінде қайта санауды, қалыптастыруды және орауды жүргізуді қамтамасыз ету үшін қайта санау кассалары ұйымдастырылады.

3.5.2. Қайта санау кассаларына қолма-қол ақшаны сұрыптау және қайта санау б о й ы н ш а м і н д е т т е р жү к т е л е д і .

3.5.3. Қайта санау кассаларының үй-жайы оңаша болуы керек, ал кассаға кіретін есік ішкі жағынан жабылуы тиіс.

3.5.4. Қайта санау кассасы:

* Есепшілер бригадасының бақылаушылары қайта сынау үшін қабылдаған қолма-қол ақшаны сақтау үшін металл шкафтармен немесе жәшіктері бар арнайы с т о л д а р м е н ;

* қайта санауға қабылданған қолма-қол ақшаны есеп жүргізу бригадасының сақтауы үшін металл шкафтар немесе арнайы жәшіктері бар үстелдер;

* қайта саналған қолма-қол ақшаны кассирлердің орнын оқшаулайтын әйнек

қалқалары бар үстелдер мен аузы дауыс құлыпталатын жәшіктер.

3.5.5. Қолма-қол ақшаны қайта санауды қайта санау кассасының есепшілер бригадасының кассирлері жүргізеді. Бригаданы бақылаушы басқарады және оның құрамында есепшілердің кассирлері болады.

3.5.6. Қайта санау кассаларының жұмыстары үшін касса меңгерушісі есепшілер бригадасының бақылаушысына ф.19 кітабына қол қойғыза отырып, қайта санау және сұрыптау үшін қолма-қол ақша береді. Есепшілер бригадасының бақылаушысы алған қолма-қол ақшаның сомасын өзінің ф.19 кітабына жазады, ол ақшаны қайта санау кассасының кассиріне нақты құны, сомасы көрсетілген ф.33 (осы Тәртіпке N 33 қосымша) бақылау парағы бойынша қайта санау үшін береді. Қолма-қол ақшаны бақылаушыдан қабылдағаны туралы кассир бақылау парағына қол қояды, бұл орайда кассирге банкноттармен 2 пачка және металл ақшалармен 1 қапшықтан беріледі.

3.5.7. Ұлттық банктің бөлімшелерінде қайта санау кассасының кассирлері түскі үзіліс кезінде өздерінде қалған қолма-қол ақшаны жеке металл шкафтарға, арнайы столдардың жәшіктеріне немесе қайта санау кассаларының жалпы металл шкафтарына сақтауы тиіс. Қолма-қол ақшаны жалпы металл шкафтарға сақтағанда әрбір кассир өз ақшаларын жеке қапшықтарға немесе қобдишаға салуға міндетті. Бұл жағдайда жалпы металл шкаф екі құлыппен жабылуы тиіс, олардың кілттері есепшілер бригадасының бақылаушысында және кассирлердің біреуінде сақталуы керек.

Жалпы металл шкафтың жабылуы және ашылуы есепшілер бригадасының барлық кассирлерінің қатысуымен жүргізіледі.

3.5.8. Банкноттарды қайта сынау бір мезгілде банкноттарды сұрыптай отырып пачкалар, түбіршектер және парақтап қайта санау бойынша жүргізіледі. Айналысқа жарамды банкноттар пачкаларға қатталады және оралады, оларға жарамсыз, жалған және күмәнді банкноттарды салуға жол берілмейді. Металл ақшалар қапшықтардағы тиісті мәлімет жазылған қағаздар бойынша және көлемі бойынша қайта саналады, бұл орайда табылған бүлінген және төлем жасалмайтын металл ақшалар сұрыпталады.

Кассирдің үстелінде қайта санаған кезде банкноттардың қайта саналған пачкаларындағы ақшалар немесе металл ақшалардың қапшықтары ғана болуы тиіс.

3.5.9. Банкноттардың пачкаларындағы жапсырмаларда немесе қапшықтарға жапсырылған тиісті мәлімет жазылған қағаздағы мәліметтерде пачкадағы нақты бар банкноттар немесе қапшықтардағы металл ақшалар сомасымен алшақтықтар болғанда кассир пачкадағы немесе қапшықтағы қолма-қол ақшаны қайтадан қайта санауға міндетті. Банкноттардың пачкаларын немесе металл ақшалардың қапшықтарын қайтадан қайта санағаннан кейін алшақтықтар расталған жағдайда

жетімсіз немесе артық ақша фактілерін, сондай-ақ төлем жасалмайтын, оның ішінде жалған банкнот немесе металл ақша табылғандығын есепші-кассир бұл туралы есепшілер бригадасының бақылаушысына хабарлауға міндетті.

Есепшілер бригадасының бақылаушысы есепші-кассир тапқан жетімсіздік немесе артық банкноттар бар пачканы парақтап қайта санауды және металл ақшалардың қапшығын көлемі бойынша қайта санауды жүргізеді.

3.5.10. Операциялық күн ішінде қайта санау кассаларының кассирлері ф.34 (осы Тәртіпке N 34 қосымша) қайта сұрыпталған банкноттарының ведомосы мен ф.35 (осы Тәртіпке N 35 қосымша) қайта сұрыпталғандардың ведомосын жүргізеді, онда қайта сұрыпталған қолма-қол ақшаның нақты құны, тозу дәрежесі, саны бойынша және сомасының жалпы жиынтығы бойынша сомасы көрсетіледі.

3.5.11. Егер алынған қолма-қол ақшаны есепші-кассир операциялық күннің соңына дейін қайта саналмаған болса, онда қайта саналмаған қолма-қол ақша сондай-ақ бақылаушыға беріледі. Бақылаушыға қайта саналған қолма-қол ақша сияқты қайта саналмаған қолма-қол ақшаны беру бақылау парағына қол қойыла отырып жүргізіледі. Бұл орайда бақылаушы қайта саналмаған қолма-қол ақшаны бүлінбеген орауда қабылдайды.

3.5.12. Кассир операциялық күн соңында қабылданған қолма-қол ақша сомасының ф.34, ф.35 ведомостарымен бірге бақылау парағының мәліметтерімен сәйкес келуін салыстырады.

3.5.13. Кассирлерде қайта санағаннан және сұрыптағаннан кейін қалған олардан толық пачкалар мен түбіршектер қалыптастыруға келмейтін банкноттар мен түбіршектер қайта санау кассасы бақылаушысының нұсқауы бойынша біріктіру және орау үшін бақылау парағына қол қоя отырып, арнайы тағайындалған бір немесе бірнеше кассирге беріледі, олар осы тәртіпте белгіленген тәртіппен банкноттарды қайта санап және қалыптастырғаннан кейін қайта санау кассасы бақылаушысының бақылау парағына қол қоя отырып береді. Біріктіруге және орауға қабылданған банкноттарды кассирлер бақылау парағының сырт жағына есепке алады. Кассирлер қолма-қол ақшаны тапсырғаннан кейін қайта санау кассасының бақылаушысы қайта саналған қолма-қол ақшаны әрбір есепші кассирдің бақылау парағының жиынтығымен салыстырады. Қайта санау кассасының бақылаушысы кассирлерден алынған ф.36 (осы Тәртіпке N 36 қосымша) сұрыпталған банкноттардың жиынтық ведомосын және ф.37 (осы Тәртіпке N 37 қосымша) сұрыпталған металл ақшалардың жиынтық ведомосын жасайды, онда сұрыпталған қолма-қол ақшаның нақты құны, тозу дәрежесі, саны және сұрыпталған қолма-қол ақшаның жалпы жиынтық сомасы көрсетіледі. ф.36, ф.37 жинақ ведомостарының жалпы сомасын, артық ақшалар мен жетімсіз ақшаларды қайта санау кассасының бақылаушысы ф

.19 кітаптағы касса меңгерушісінен алған қолма-қол ақша сомасымен салыстырады.

Алшақтықтар болмаған жағдайда бақылаушы қолма-қол ақшаны касса меңгерушісіне ф.19 кітапқа қол қоя отырып, ф.36, ф.37 жинақ ведомостарымен бірге өткізеді. ф.33 бақылау парағы мен ф.34, ф.35 ведомостар есепші-кассирлерге қайтарылады және кассирлерде 10 күн бойы сақталады.

3.5.14. Касса меңгерушісі қайта санау кассасының бақылаушысынан қайта саналған және сұрыпталған қолма-қол ақшаны қолма-қол ақшаларды нақты құны, тозу дәрежесі, саны бойынша және ф.36, ф.37 жиынтық ведомостарының мәліметтері сомасымен және ф.19 кітапта көрсетілген сомамен салыстыру жолымен қабылдайды. Алшақтықтар болмаса ф.19 кітапқа қол қояды. Бұл орайда касса меңгерушісі бақылаушыдан оларды қайта саған кезде табылған артық, жетімсіз, төлем жасалмайтын банкноттар мен металл ақшаларды есепке ала отырып қабылдаған қолма-қол ақшаның тиісті сомасын салыстырады.

3.5.15. ф.36, ф.37 жинақ ведомостары күннің кассалық құжаттарына тігіледі.

6-тарау. Айналым кассаларының операциялық күнінің аяқталу тәртібі

3.6.1. Операциялық күн мен операция жасайтын қызметкерлердің кассалық айналым мәліметтерін салыстыруы аяқталысымен айналым кассаларының кассирлері ф.24, ф.29 жасалған анықтамаларымен, касса құжаттарымен және ф.22, ф.23, ф.27, ф.28, ф.28 "а" жасалған ведомстволармен бірге нақты құны бойынша банкноттар мен металл ақшаның тозу дәрежесін, санын, әрбір нақты құны бойынша сомасын көрсете отырып қолдағы қолма-қол ақшаның жинақталған және буып-түйілген қалдықтарын және соманың жалпы жиынымен касса меңгерушісіне өткізеді.

3.6.2. Касса меңгерушісі кассирлерден ақшаны, ф.24, ф.29 анықтамаларды, касса құжаттары мен ф.22, ф.23, ф.27, ф.28, ф.28 "а" ведомостарын қабылдай отырып:

* кассирлердің ф.24, ф.29 анықтамаларында көрсетілген кассалық айналым сомаларын растайтын операция жасайтын қызметкерлердің қолдары;

* ф.19 кітабындағы жазбаларды ескере отырып анықтамалардағы ақшаның қалдықтарын жоюдың дұрыстығын;

* кассирлер өткізген құжаттардың саны мен сомасы банкноттар мен металл ақшалардың нақты құны және тозу дәрежесі бойынша жасалған есеп беру анықтамасы мен ведомстволарының мәліметтеріне сәйкестігін тексереді.

Касса меңгерушісі банкноттарды толық, толық емес және жинақтау пачкілерімен түбіршектер, пачкалар мен құжаттамалардағы қолдар бойынша, ал металл ақшаларды - қапшықтарға бекітілген тиісті мәліметтер жазылған жазбадағы қолдар бойынша қабылдайды. Банкноттарды жеке парақтармен, ал

металл ақшаны - көлемі бойынша қабылдау кезінде, оларды парақтап және бір - бір л е п с а н а й д ы .

Касса меңгерушісі ф.24, ф.29 анықтамалар бойынша және касса құжаттары бойынша, қолма-қол ақша қабылдаған немесе олардың өзіне берілген болса, ф.30 кассалық айналым туралы жиынтық анықтама жасайды және бухгалтерлік есеп мәліметтерімен оның қорытындысын салыстырады. Салыстыру ф.30 кассалық айналым туралы жиынтық анықтамаға бас бухгалтердің орынбасарының қолымен ресімделеді, ол кассирдің ф.24, ф.29 анықтамаларымен бірге сол күнгі касса құжаттарында сақталады. Касса меңгерушісі ф.42 (осы Ережеге қоса берілген N 42 қосымша) кіріс кассасы қабылдаған ұлттық валюта банкнотының жиынтық ведомосын, ф.43 (осы Ережеге қоса берілген N 43 қосымша). Кіріс кассасы қабылдаған ұлттық валютаның жиынтық ведомосын, ф.44 (осы Ережеге қоса берілген N 44 қосымша) шығыс кассасы берген ұлттық валютаның жиынтық ведомосын, ф.45 (осы Ережеге қоса берілген N 45 қосымша) шығыс кассасы берген ұлттық валютадағы металл ақшаның жиынтық ведомосын, ф.46 (осы Ережеге қоса берілген N 46 қосымша) шығыс кассасы қабылдаған ұлттық валютадағы металл ақшаның (жинақты, күміс, алтын) жиынтық ведомосын ж а с а й д ы .

Бір күндік касса айналымын салыстырғаннан кейін касса меңгерушісі қабылданған және берілген ақшаның жалпы сомасын ф.19 кітабына жазады.

3.6.3. Кассадағы қалдық ақшалар мен бухгалтерия мәліметтерінің арасында алшақтық болған жағдайда касса меңгерушісі алшақтық себептерін анықтауға шара қолдану үшін бұл туралы құндылықтарды сақтауға жауапты лауазымды адамды дереу хабардар етеді. Артық немесе жетімсіздік фактісі расталған жағдайда тиісті акт жасалады.

3.6.4. Кассаның жұмысы аяқталған соң, касса меңгерушісі касса құжаттарды қосымшаларымен бірге жинақтау және тігу үшін касса қызметкерлерінің біріне б е р е д і .

3.6.5. Касса құжаттары баланс шоты бойынша (өсіп отыратын нөмірлеу тәртібімен) кассаның кірісі мен шығысы бойынша жеке қалыптасады. Баланстан тыс құжаттар баланстан тыс шоттардың номерлері бойынша - алдымен кіріс, одан кейін шығыс номерлері бойынша қалыптасады. Жекелеген тігінділерді ф.42, ф.43, ф.44, ф.45 жиынтық ведомостары құрайды.

3.6.6. Әрбір күн бойынша кассалық құжаттар жеке папкада келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей қалыптастырылуға тиіс. Түптелген құжаттардың қорытынды мәліметтерді есептеу машинасымен есептеледі, содан кейін қағаз көмкерме арқылы ашылады. Кассалық және баланстық емес ордерлерінің кірісі мен шығыстары бойынша жеке есептеу таспаларды есептеуді жүргізуші қызметкерлер қол қойған папкада басқа

құжаттардың алдында орналасады.

Кассалық құжаттар папкасының бет жағына штамп қойылады немесе мынадай мазмұндағы Жарлық жапсырылады:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің _____ бөлімшесі

Сақтау мерзімі 3 жыл Индекс N _____

199 жылғы " _____ " _____ кассалық құжаттар.

1. Кіріс кассалық құжаттар дана. _____ теңге _____ тиын

2. Шығыс кассалық құжаттар дана. _____ теңге _____ тиын

3. Кіріс баланстан тыс құжаттар дана. _____ теңге _____ тиын

4. Шығыс баланстан тыс құжаттар дана. _____ теңге _____ тиын

5. Ұзақ мерзімді сақтау құжаттарын алу:

кіріс кассалық құжаттар дана. _____ теңге _____ тиын

шығыс кассалық құжаттар дана. _____ теңге _____ тиын

Касса меңгерушісі (қолы)

К а с с и р (қ о л ы)

Тексерілді: Бас бухгалтер (қолы)

3.6.7. Сақтау мерзімі үш жылдан асатын кассалық құжаттар белгіленген сақтау мерзіміне сәйкес жеке папкіге тігіледі, соған байланысты кассалық құжаттар папкасының бет жағына тиісті белгі қойылады.

3.6.8. Бас бухгалтер келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бухгалтерлік есеп мәліметтері бар кассалық құжаттардың қорытынды мәліметтерін салыстыруға және қол қойып растауға тиіс.

3.6.9. Соңғы он екі айдағы кассалық құжаттар касса меңгерушісінің немесе кассирдің жауапкершілігінде сақталады, ол кассалық құжаттарды сақтау жүктелген күзетке өткізілген үй-жайдағы тиісті қоймада немесе жеке сейфте сақталады.

Кассалық құжаттар жөніндегі анықтама Ұлттық банк бөлімшелерінің бас бухгалтері немесе оның орынбасары қол қойған талаптар бойынша беріледі.

3.6.10. Касса үй-жайынан кассалық құжаттар салынған папка жекелеген жағдайларда және Ұлттық Банк бөлімшелері басшыларының жазбаша нұсқауы бойынша ғана шақырылады. Жұмыс күнінің соңында папка міндетті түрде қайтаруға тиіс.

3.6.11. Кассалық құжаттарды немесе олардың көшірмелерін Ұлттық Банк бөлімшелері Ұлттық банктің жоғары тұрған бөлімшелеріне ғана, заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, бере алады.

Кассалық құжаттардың түпнұсқасы берілген жерде касса меңгерушісі растаған оның көшірмесі, құжатты беру туралы барлық хат жазысулар, алынған туралы хаттама, сондай-ақ құжаттың түпнұсқасын алған адамның қолхаты

т і г і л е д і .

Бір күнтізбелік жылдағы әртүрлі күнгі бірнеше кассалық құжаттар, берілген құжаттардың біреуінің орнына оның көшірмесі мен беру туралы талап (оның ішінде алу туралы хаттама және т.б.) қалғандарының орнына - беру туралы талаптың тұрған жері туралы белгісі бар көшірме ғана бір мезгілде беруге жатады.

4-бөлім. Ұлттық Банктің бөлімшелерінде қолма-қол ақшаға байланысты төлем жасалмайтын банкноттар мен металл ақшаны қайта санау кезінде байқалған жетімсіздіктер мен артық ақшаларды жөнелту және есептен шығару тәртібі

4.1. Ұлттық Банктің бөлімшелері кассаларының қызмет көрсетуі туралы клиенттермен шарт жасасады, онда қолма-қол ақшаны қабылдау, жетімсіздіктерді есептеп шығару, төлем жасалмайтын банкноттар мен металл ақшалардың және артық ақшалардың орнын толтыру шарттары міндетті түрде көрсетіледі.

4.2. Ұлттық Банк бөлімшелерінің бумаларында жетімсіздіктер табылған жағдайда, егер клиент кассирдің (бақылаушының) қатысуымен үй-жай ішінде, арнайы бөлінген жерде ақшаны қайта санаған болса, клиенттердің талаптары қабылданады.

4.3. Ұлттық Банктің бөлімшелері төлем жасау банкноттары мен металл ақшалары ғана төлемге қабылдайды және айырбастайды, ал айырбастауға төлем жасау банкноттары, сондай-ақ бетінің 50%-тен астамы сақталған банкноттар (жалған (жасанды) ақшадан басқасы) қабылданады.

4.4. Клиенттерден қабылданған төлем жасалмайтын банкноттар мен металл ақшалар айналымға қайта шығарылмайды, ал нақты құны бойынша сұрыпталады және мақсатқа сай өткізіледі.

4.5. Банкноттар мен металл ақшаларды қабылдау кезінде кассирлер олардың төлем жасалуын бақылауға, осы Ережеде белгіленген ұғымдарды басшылыққа алуға міндетті.

Кассирлер машиналарда саналған, қолма-қол ақшаны қайта санауға пайдаланылған, сондай-ақ түскен ақшаны тікелей өткізетін адамдар сұрыптаған банкноттар мен металл ақшалардың төлем жасалуын белгілеу міндеттерінен босатылмайды.

Ұлттық Банк бөлімшелерінің тозған банкноттарды, сондай-ақ бетінің 50%-тен көп өңін сақталған банкноттарды және ақаулы (зақымданған) металл ақшаны айырбастауы бухгалтерлік есеп өткізілімін жүзеге асырмай-ақ, тікелей оларды қабылдау сәтінде жүргізіледі. Банкноттерге Ұлттық Банктің тиісті бөлімшелерін көрсете отырып "Айырбасталды" деген штамп қойылады. Күні көрсетіледі және

банкноттарды айырбастаған кассирдің қолы мен штамп қойылады.

Егер кассирге банкноттар мен металл ақшалардың төлем жасалуын анықтау қиындық келтірсе, бұл туралы түпкілікті шешімді касса меңгерушісі, ал қажет болған жағдайда - Ұлттық банк бөлімшелерінің басшысы қабылдайды.

Айырбасталған банкноттар мен металл ақшалар нақты құны бойынша сортталады және басқа банкноттар мен металл ақшалардан жеке айналым к а с с а с ы н д а с а қ т а л а д ы .

Сонымен бірге күмәнді банкноттар мен металл ақшалар Ұлттық банктің қоймасында немесе Кассалық орталықта сараптауға жіберіледі.

4.6. Заңды және жеке тұлғалардан сараптауға күмәнді банкноттар мен металл ақшаларды қабылдау ф.40 өтініш-тізімдеме бойынша (осы Ережеге қоса берілген N 40 қосымша) жүргізіледі, ол екі дана етіп жасалады. Бір данасы Ұлттық Банк бөлімшелерінің кассасында қалады, екіншісі - банкноттар мен металл ақшаларды қабылдау туралы касса меңгерушісі шартты бағасы 1 теңге деп жазған ф.41 түбіршегімен бірге (осы Тәртіпке қоса берілген N 41 қосымша) клиентке қ а й т а р а д ы .

Касса меңгерушісі ф.41 түбіршегін берген кезде өтініш-тізімдеме банкноттар мен металл ақшалардың нақты құнын, саны мен сомасын көрсетудің, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың толық мекен-жайының болуын міндетті түрде т е к с е р е д і .

Құндылықтарды қабылдау баланстан тыс шоттар ескеріледі.

4.7. Күмәнді банкноттар мен металл ақшаларды Ұлттық банктің қоймасына немесе Кассалық орталыққа сараптауға жіберген кезде жіберілетін құндылықтарға ф.38 (осы Ережеге қоса берілген N 38 қосымша) төрт дана етіп тізімдеме жасалады, онда жіберуші клиенттің атауы, банкноттар мен металл ақшалардың нақты құны, олардың саны мен сомасы, қапшықтың саны, қапшықтың номері мен пломба номері көрсетіледі.

Ф.38 тізімдемесіне құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдар қол қояды. ф.38 тізімдемесі Ұлттық Банктің жіберуші бөлімшелерінде күні көрсетіле отырып тіркеледі. Бірінші данасы Ұлттық Банктің қоймасына немесе Кассалық орталыққа касса меңгерушісі конвертке салып бекітіп, Ұлттық Банк инкассаторларының аға бригадасы арқылы жіберіледі, екіншісі - Ұлттық Банктің жіберуші бөлімшелерінің кассалық құжаттарында қалады, үшіншісін - құндылықтарды қабылдау және өткізу үшін Ұлттық банктің инкассаторлар бригадасы пайдаланады және банкноттар мен металл ақшалар мақсатқа сай жеткізілгеннен кейін Ұлттық Банк инкассаторларының жұмыстары бойынша Ұлттық банк бөлімшелеріне өткізіледі және төртіншісі - Ұлттық Банк орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшелері жіберіледі.

Ерекше жағдайларда банкноттар мен металл ақшалар Ұлттық Банктің

Қоймасына немесе Кассалық орталыққа олардың нақты құны бойынша бағалай отырып бағалы почта посылкасымен жіберіледі. Күмәнді банкноттар мен металл ақшаларды бағалы почта посылкасымен жіберген кезде ф.38 тізімдемесі үш дана етіп жасалады. Тізімдеменің бірінші данасы банкноттармен және металл ақшалармен бірге конвертке салынып бекітіледі, екіншісі - сол күнгі кассалық құжаттарда қалады, үшінші дана Ұлттық банк орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне жіберіледі.

Ұлттық Банк бөлімшелерінің кассалық құжаттарына арналған және Ұлттық Банк орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне жіберілген ф.38 тізімдемесінің екінші жартысын - қолхатын күмәнді банкноттар мен металл ақшаларды алған инкассаторлар оларды алғанын растау ретінде толтырады және қол қояды. Осы қолхатта күні, теңге сомасы санмен және жазумен, тексеру сипаты (парақпен, көлемі бойынша, пачка жапсырмасындағы және қапшыққа бекітілген жарлықтардағы жазбалар бойынша) көрсетіледі. Ұлттық банктің Қоймасына немесе Кассалық орталыққа жіберілетін және бөлім инкассаторларына арналған ф.38 тізімдеме қолхаты Ұлттық банк Қоймасына немесе Кассалық орталықта толтырылады, басшы, бас бухгалтер және касса меңгерушісі қол қояды және мөрмен расталады.

Сараптамаға жіберілетін күмәнді банкноттар мен металл ақшалар сомасы шартты бағасы 1 теңгемен жүргізілген сараптама нәтижелерін, алғанға дейін баланстан тыс шотта ескеріледі.

4.8. Ұлттық Банк Қоймасына немесе Кассалық орталыққа түскен банкноттар мен металл ақшалар тиісті баланстан тыс шотқа кіріске алынады және 10 күн мерзімде сараптаудан өткізетін бас сарапшыға беріледі және банкноттар мен металл ақшалардың төлем жасауға болатындығы немесе болмайтындығы туралы шешім қабылдайды. Банкноттар мен металл ақшаларды төлем жасауға болады деп таныған жағдайда Ұлттық банк Қоймасы мен Касса орталығы оларды айналым кассасына есептейді және Ұлттық Банктің жіберуші бөлімшелеріне кредиттік тапсырмаларға жөнелтеді, сонымен бір мезгілде тиісті баланстан тыс шот бойынша шығысқа есептен шығарады.

4.9. Ұлттық банктің жіберуші бөлімшелері кредиттік тапсырмаларды алып, түскен соманы тиісті баланс шотына жатқызады (есептейді), тиісті баланстық емес шот бойынша шығысқа есептен шығарады және банкноттар мен металл ақшаларды айырбас жасау туралы заңды немесе жеке тұлғаларға хабарлама жібереді.

Заңды тұлғаның не болмаса жеке тұлғаның өкілі хабарламаны алғаннан кейін Ұлттық Банк бөлімшелеріне ф.41 түбіршекті, ф.40 өтініш-тізімдемесін және жеке басын куәландыратын куәлік ұсынады, солардың негізінде ақша беріледі. Ақша қолма-қол ақшалай да, аударым жолымен де берілуі мүмкін. Шығыс кассалық

ордеріне немесе қолма-қол ақшасыз аударуға арналған мемориалдық ордерге түбіршек жапсырылады, кейіннен күндік кассалық немесе мемориалдық құжаттарда тігіледі.

4.10. Банкноттар мен металл ақшаларды төлем жасауға болмайды деп таныған жағдайда (бетінің 50%-тен көп өңін сақтаған банкноттарды қоспағанда) Ұлттық банк Қоймасының немесе кассалық орталықтың бас сарапшысы Ұлттық Банктің жіберуші бөлімшелеріне айырбас жасаудан бас тарту туралы бас тарту себебін, нақты құнын, банкноттар мен металл ақшалардың саны мен сомасын көрсете отырып хабарлама жібереді.

Ұлттық Банктің жіберуші бөлімшелері хабарламаны ала отырып, айырбастаудың бас тартылған банкноттар мен металл ақшалар сомасын тиісті баланстың емес шот бойынша шығысқа есептен шығарады және заңды немесе жеке тұлғаларға хабарлама жібереді.

Ұлттық Банк Қоймасының немесе Кассалық орталығының сарапшылары төлем жасауға болмайды деп таныған банкноттар мен металл ақшалар 12 ай бойы сақталады, одан кейін жойылады.

4.11. Ұлттық Банк бөлімшелерінде төлем жасауға болмайтын банкноттар немесе металл ақшалардың жетімсіздігі, артық шыққаны табылған жағдайда ф.39 (осы Ережеге қоса берілген N 39 қосымша) актісі жасалады, оған материалдық жауапты адамдар (қайта санау кассасының кассирі, қайта санау кассасының бақылаушысы және жекелеген жағдайларда - құндылықтардың сақталуына жауап беретін лауазымды адамдар) қол қояды. Егер қолма-қол ақшаны Ұлттық Банктің инкассаторларының қатысуымен қайта санау кезінде төлем жасауға болмайтын банкноттардың немесе металл ақшалардың жетімсіздігі, артық шыққаны табылған жағдайда жасалған актіге инкассаторлар бригадасының барлық мүшелері мен құндылықтардың сақталуына жауап беретін лауазымды адамдар қол қояды.

Қолма-қол ақшаның 200 теңгеден астам сомада жетпегені туралы бақылаушы касса меңгерушісін, ал қажет болған жағдайда - Ұлттық банк бөлімшелерінің басшыларын хабардар етеді.

4.12. Жасалған актінің дана саны төлем жасауға болмайтын банкноттардың немесе металл ақшалардың жетімсіздігі, артық шыққаны кімнің бумасында табылғанына байланысты.

Төлем жасауға болмайтын банкноттардың немесе металл ақшалардың жетімсіздігі, артық шыққаны табылған жағдайда:

* қайта санаған жердегі Ұлттық Банк бөлімшелері жасаған бумада табылса, акт екі дана етіп жасалады:

біріншісі - Ұлттық банк бөлімшесінде қалады;
екіншісі - Ұлттық банк орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне

ж і б е р і л е д і ;

* Ұлттық банк бөлімшелерінде қызмет көрсететін клиенттердің кассирлері жасаған бумада табылса, акт үш дана етіп жасалады:

бірінші - Ұлттық Банк бөлімшесінде қалады;
екіншісі - буып-түю материалдарымен (шпагат, пломба, клише басылған полиэтилен, жапсырма, бандерольдер) клиентке жіберіледі;
үшіншісі - Ұлттық Банк орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне ж і б е р і л е д і ;

* Ұлттық Банктің басқа облыстардағы бөлімшелерінің кассирлері жасаған бумада табылса, акт үш дана етіп жасалады:

біріншісі - Ұлттық Банк бөлімшесінде қалады;
екіншісі - Ұлттық Банктің басқа облыстардағы бөлімшелеріне буып-түю материалдарымен жіберіледі;
үшіншісі - Ұлттық Банк орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне ж і б е р і л е д і ;

* Ұлттық Банктің басқа облыстардағы бөлімшелерінде ашылған филиалдың корреспонденттік шотының немесе бірыңғай корреспонденттік шоты клиентінің бумасында табылса, акт төрт дана етіп жасалады:

біріншісі - Ұлттық Банк бөлімшесінде қалады;
екінші және үшіншісі - Ұлттық Банктің басқа облыстардағы бөлімшелеріне буып-түю материалдарымен жіберіледі оның біреуі Ұлттық Банк бөлімшесінің күндік құжаттарында қалады, ал екінші данасы мен буып-түйетін материалдар клиентке б е р і л е д і ;

төртіншісі - Ұлттық Банк орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесіне ж і б е р і л е д і ;

4.13. Ақшаны дұрыс санамағаны, ақшаның жетімсіздігі туралы құжаттар бар іс қағазы Ұлттық Банк бөлімшелерінің бас бухгалтерінде сақталады.

Ақшаның жетімсіздігі жөніндегі барлық хат жазысулар берешекті толық өтегеннен немесе Ұлттық Банктің балансынан осы қарызды есептен шығарғаннан кейін ғана архивке өткізіледі.

Ұлттық Банкке келтірілген материалдық залал бойынша берешекті төлеудің мерзімін ешқандай кешіктіруге жол берілмейді. Қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен борышқордың мүлкін ұстауға тыйым салу шаралары қ о л д а н ы л у ы т и і с .

4.14. Жалған (жасанды) банкноттар мен металл ақшалар табылған жағдайда олардың байқалған фактісі туралы Ұлттық банктің бөлімшелері құқық қорғау органдарына хабарлайды. Жалған (жасанды) банкноттар немесе металл ақшалар, оларды анықтау жөніндегі екі дана етіп жасалған хаттама бойынша құқық қорғау органдарына беріледі. Хаттамада табылған уақыты, күні, жалған (жасанды)

банкноттар мен металл ақшалар кімнің бумасына табылғаны, нақты құны, банкноттар мен металл ақшалардың саны мен сомасы, жалған (жасанды) банкноттар немесе металл ақшалар қай адамның қатысуымен табылғаны көрсетіледі.

Хаттамаға жалған (жасанды) банкноттар немесе металл ақшаларды алуға қатысқан адамдар қол қояды.

Хаттаманың бір данасы Ұлттық Банк бөлімшелерінің іс қағаздарында қалады, екінші данасы құқық қорғау органдарына беріледі.

Егер криминалдық сараптау нәтижелері бойынша алынған банкноттар немесе металл ақшалар түпнұсқа деп танылатын болса, онда олар құқық қорғау органдарынан олардың түпнұсқалығы туралы қорытындымен бірге қабылдануға тиісті. Бұл жағдайда алынған банкноттар немесе металл ақшалар кассаға кірістеледі.

4.15. Эмиссиялық бумада ақаулы банкноттар немесе металл ақшалар табылған жағдайда, осы банкноттар мен металл ақшалар буып-түйілетін материалдармен бірге (шпагат, пломба, клише басылған полиэтилен, жапсырма, бандерольдер) Ұлттық Банк орталық аппаратының арнайы уәкілетті бөлімшесіне жіберілетін ф.39 актісінің анасына қоса беріледі.

Табылған ақаулы банкноттар немесе металл ақшалар Ұлттық Банк бөлімшесінің айналым кассасынан толықтырылады немесе оның орны толтырылады және ақаулы банкноттар немесе металл ақшалар сомасына жазылған шұғыл электрондық дебеттік төлем тапсырмасы Ұлттық банк орталық аппаратының арнайы уәкілетті бөлімшесіне жіберіледі.

Ұлттық Банк орталық аппаратының арнайы уәкілетті бөлімшесі алған банкноттар немесе металл ақшалар оларды әзірлеушілерге жібереді.

Әзірлеуші айырбастаған банкноттар және/немесе металл ақшалар Ұлттық Банк орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшесінің кассасына кірістеледі.

4.16. Егер бума Ұлттық Банктің бөлімшесінде жасалса немесе осы саладағы клиенттің бумасындағы жетімсіз сома, бетінің 50%-тен аз өңін сақтаған төлем жасауға болмайтын банкноттар, немесе жасалған ф.39 акті негізінде төлем жасауға болмайтын металл ақшалар кінәлі адамнан немесе клиент шотынан даусыз тәртіппен, егер бұл тиісті шартта, не болмаса клиенттердің өздері ұсынған төлем тапсырмасы негізінде көзделсе, өндіріп алынады.

Егер бума Ұлттық Банктің басқа облыстағы бөлімшелерінде жасалса немесе жетімсіздік сомасы, бетінің 50%-тен аз өңін сақтаған төлем жасауға болмайтын банкноттар, немесе төлем жасауға болмайтын металл ақшалар басқа облыстағы клиенттің бумасынан табылса, онда табылған дебет тапсырмасы мен төлем талап-тапсырмасы тиісті Ұлттық Банк бөлімшесіне жіберіледі, оны осы дебет тапсырмасы мен төлем талап-тапсырмасын өткізуге қабылдайды және буып-түйю

материалы қоса берілген ф.39 актісін алғаннан кейін осы сома кінәлі адамнан немесе екінші деңгейдегі банктен өндіріп алынады.

4.17. Кінәлі адамды анықтау мүмкін болмаған жағдайда жетімсіз сомасы, бетінің 50%-тен аз өңін сақтаған төлем жасауға болмайтын банкоттар, немесе төлем жасауға болмайтын металл ақшалар Ұлттық Банк Басқармасының тиісті шешімі мен Ұлттық Банк бөлімшелерінің ұсынымы негізінде Ұлттық банктің зиянына жатқызылып, Ұлттық Банктің балансынан есептен шығарылады.

4.18. Қолма-қол ақшаны қайта санау кезінде артық ақша табылған жағдайда екінші деңгейдегі банк бумасынан табылған артық сома осы банкке қайтарылады. Ұлттық Банк бөлімшелерінің бумасынан табылған артық сома Ұлттық Банктің артық сома табылған бөлімшелерінің табысына есептеледі.

5-бөлім. Ақша мен басқа құндылықтарды сақтауды ұйымдастыру және олардың сақталуын бақылау

1-тарау. Қоймадағы ақша мен басқа құндылықтарды сақтау және есепке алу тәртібі

5.1.1. Айналым кассасының қолма-қол ақшасы мен Ұлттық банк бөлімшелерінің басқа құндылықтары Ұлттық Банк бөлімшелері басшысының бас бухгалтерінің және касса меңгерушісінің жауапкершілігінде болады.

5.1.2. Резервтік қорлардағы және айналым кассасындағы қолма-қол ақша мен құндылықтарды, қоймалардың кілттері мен лауазым мөрлерін бір лауазымды адамнан, еңбек демалысына, іссапарға шығуына, ауырып қалуына және басқа себептерге байланысты құндылықтардың сақталуына жауапты екінші адамға уақытша беру Ұлттық Банк бөлімшелерінің тиісті бұйрығы негізінде ғана жүргізіледі.

Құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдардың еңбек демалысының кестесі мен олардың іссапар жоспарлары Ұлттық Банк бөлімшелерінде құндылықтардың сақталуына жауапты бірнеше лауазымды адамдардың біз мезгілде болмай қалмайтындай етіп есептеп жасалуға тиіс.

5.1.3. Қолма-қол ақша мен құндылықтарды құндылықтардың сақталуына жауапты бір лауазымды адамнан басқасына беру осы Ережеде белгіленген тәртіпті сақтай отырып жүргізіледі.

Жүргізілген қолма-қол ақшаны қабылдау және өткізу туралы ф.47 (осы Ережеге қоса берілген N 47 қосымша) қолма-қол ақшаны қабылдау және өткізу актісі жасалады, ол Ұлттық Банк бөлімшелерінің бас бухгалтерінде жеке папкада сақталуға тиіс.

5.1.4. Ұлттық Банк бөлімшелеріндегі барлық қолма-қол ақша мен басқа да құндылықтар арнайы жабдықталған қоймаларда, ал ол болмаған жағдайда - Ұлттық Банк бөлімшелерінің касса үй-жайында орналасқан отқа жанбайтын

сейфтерде сақталуға тиіс. Қоймалар мен отқа жанбайтын сейфтер рет номерін қою жолымен номерленуге тиіс.

Қолма-қол ақша мен басқа да құндылықтар қоймасының іші отқа жанбайтын сейфтей немесе металл шкафтай болуға тиіс. Тиісті дәрежеде жабдықталған және барынша қауіпсіз (темір-бетон) отқа жанбайтын есігі бар қоймаларда құндылықтар арнайы стеллаждарда (сөрелерде), егер стеллаждар тормен қоршалған және құлыпқа жабылатын сақтала алады.

Ұлттық Банк бөлімшелері басшысының рұқсаты бойынша металл ақша салынған қапшықтар арнайы жабдықталған қойманың еденінде, ал қоймасы жоқ бөлімшелерде - резерв қорларының басқа да құндылықтарымен бірге отқа жанбайтын сейфте сақталады.

5.1.5. Қоймада жеке-жеке сақтау үшін отқа жанбайтын сейфтер, металл шкафтар, стеллаждар бөлінуге тиіс.

- * резерв қорларының қолма-қол ақшалары;
- * айналым кассаларының қолма-қол ақшалары;
- * басқа да құндылықтар.

5.1.6. Резерв қорларындағы банкноттар мен металл ақшалар мына санаттар бойынша бөлек сақталуға тиіс:

* айналымда болмаған эмиссиялық бумадағы банкноттар мен металл ақшалар ;

* Ұлттық банк бөлімшелері мен екінші деңгейдегі банктер бумаларындағы банкноттар мен металл ақшалар ;

* тозған банкноттар мен Ұлттық Банк бөлімшелері бумаларындағы зақымдалған металл ақшалар ;

* резерв қорының ақшалары есебінен беруге арналған алдын-ала әзірленген қолма-қол ақшалары .

5.1.7. Айналым кассаларының қолма-қол ақшасын арнайы арбаларда сақтауға рұқсат етіледі, оларға салынған қолма-қол ақшаны лауазымды адам тексергеннен кейін касса меңгерушісі кілтпен жабады.

Айналым кассаларының ақшалары есебінен беруге арналған алдын-ала әзірленген қолма-қол ақша айналым кассаларының басқа құндылықтарынан бөлек сақталады. Келесі жұмыс күні жасалатын шығыс операциялары үшін айналым кассаларының кассир алдын ала әзірлеген қолма-қол ақша сақталатын арбалар кілтпен жабылады және тиісті кассирлердің пломбаларымен пломбаланады. Әрбір арбаға күні, қолма-қол ақшаны әзірлеген кассирдің қолы мен бәсіре штампы, және арнайы арбаға салынған ақшаның жалпы сомасы көрсетілген жарлық жапсырылады.

5.1.8. Әрбір салынған немесе резерв қорларынан алынған ақшадан кейін құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адам және материалдық

жауапты адам қоймада қалған құндылықтардың осы есепке сәйкестігінің (резерв қорларының қоймалық тізімдемесі және/немесе кітабы) нақты болуын әрқайсысы жеке-жеке тексеруге және көзін жеткізуге міндетті.

5.1.9. Екі және одан да көп қоймаға (отқа жанбайтын сейфке, стеллажға немесе металл шкафқа) тозуы бір тектес, нақты құны бірдей резерв қорларындағы банкноттар мен металл ақшаларды орналастырған кезде, әрбір осындай қойма, отқа жанбайтын сейф, стеллаж немесе металл шкаф бойынша оған салынған құндылықтарға ф.48 (осы Тәртіпке қоса берілген N 48 қосымша) тізімдеме жасалады. ф.48 тізімдемесіне касса меңгерушісі қол қояды және қоймада жеке папкада немесе құндылықтармен бірге стеллаждарда, шкафтарда сақталды.

5.1.10. Қойманың әрбір бөлек стеллажы, металл шкафы құлыппен жабылуға тиіс, оның кілті қоймадағы касса меңгерушісінің шкафында сақталуға тиіс.

5.1.11. Қолма-қол ақша мен құндылықтарды қоймаға (сақтау орнына) салған кезде құндылықтарды сақтауға жауапты лауазымды адам:

банкноттарды - толық, толық емес және жиынтық пачкаларды түбіршектер мен жапсырма қағаздарға қол қойылған күн бойынша;
металл ақшаларды - қапшықтарға бекітілген жарлықтарға қойылған қол бойынша, қайта салынған және буып-түйілген металл ақшаларды - пакеттер саны мен оларда көрсетілген сомалар бойынша;
қалған құндылықтарды (шартты немесе нақты құн бағасында) - данасын немесе парағын тексереді.

5.1.12. Қолма-қол ақшаны қоймада сақтауға қабылдауы ф.49 (осы Тәртіпке қоса берілген N 49 қосымша) қойма құндылықтарын есепке алу кітабында, резерв қорларындағы ф.50 (осы Тәртіпке қоса берілген N 50 қосымша) ұлттық валюта банкноттарын есепке алу кітабында және резерв қорларында ф.51 (осы Тәртіпке қоса берілген N 51 қосымша) ұлттық валюта банкноттарын есепке алу кітабында ескеріледі. Кітаптарды касса меңгерушісі жүргізеді.

5.1.13. Ақшаларды өңдеу, парақтап қайта санау және көлемі бойынша қайта санау жөнінде операциялар, бақылау санамы мен тексеру жүргізу үшін қолма-қол ақша мен басқа да құндылықтар қоймадан кассалар үй-жайынан ғана алынады және шығарылады.

Қоймадан құндылықтарды беру ф.49 кітабына қол қою арқылы жүргізіледі, ондағы жазбалар құндылықтардың түрлері бойынша жасалады, ал қолма-қол ақша - нақты құны, тозу дәрежесі, саны мен сомасы бойынша жүргізіледі. Кітап қоймада сақталады және пайдаланылғаннан кейін архивке өткізіледі.

5.1.14. Құндылықтарды сақтау үшін пайдаланылатын стеллаждар, сөрелер, арнайы арбалар, отқа жанбайтын сейфтер және металл шкафтар операциялар орындалып біткен соң, оларда құндылықтардың бар болуына қарамастан, кілтпен

жабылуға

тиіс.

5.1.15. Қойманы жабар алдында құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адам қоймадағы:

а) қоймада сақталуға тиісті құндылықтардың, қоймаға кіргізілген кітаптар мен құжаттардың түгелдігін;

б) резервтік қорлардың құндылықтарының нақты болуы, айналым кассасының бухгалтерлік есеп мәліметтеріне және ф.49, ф.50, ф.51 кітаптарында көрсетілген қалдықтарға дәл келуін тікелей тексеруге міндетті.

Резервтік қорлардың банкноттары мен металл ақшалары бірнеше қоймаларға орналастырылған жағдайда, ақша салу немесе алу кезінде резервтік қорлардың 5.1.3 тармағына сәйкес тексерілген болатын, онда резервтік қорлардың ф.50, ф.51 кітаптарында көрсетілген қалдықтардың салыстырмасы тізімдемелер бойынша жүргізіледі.

5.1.16. Кітаптардағы күн сайын шығарылған қалдықтардың дұрыстығы Ұлттық Банк бөлімшелерінің құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдардың қолымен куәландырылады. Қалдықтардың ескертілген және түзетілген сомалары сол лауазымды адамдардың қолымен расталады. Кітаптардағы қойылған қолдар, қоймалардағы ақшалар мен басқа да құндылықтарды тексеруге тек өзі қатысқан, сондай-ақ оларды жабу кезінде болған лауазымды адам қол қойып, растаумен бірдей болып табылады.

5.1.17. ф.49, ф.50, ф.51 кітаптарында қоймаларды жапқанға дейін келесі операциялық күнге арналған тиісті шот бойынша құндылықтардың жалпы қалдықтарының жазбасын жүргізеді.

Егер резервтік қорлармен жасалатын операциялар жүргізілмесе, ф.49, ф.50, ф.51 қойма кітаптарында қалдықтарды келесі күні шығармауға рұқсат етіледі.

Қойма кітаптары күні бойы касса меңгерушісінде, жұмыс күні аяқталғанда - қоймада, қойма болмаған жағдайда - отқа жанбайтын сейфте сақталады.

2-тарау. Қоймалардың ашылу және жабылу тәртібі

5.2.1. Қолма-қол ақша сақталатын қоймалар, отқа жанбайтын сейфтер құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдардың барлығының міндетті түрде қатысуымен ашылады және жабылады.

5.2.2. Банктің кассалық үй-жайында орналасқан қоймалар, отқа жанбайтын сейфтер мен металл шкафтар кем дегенде екі құлыппен жабылуға және құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамның мөрлерімен мөрленуге тиіс.

Қоймалардың кілттері:

кілттің бірінші данасы - Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшысында;
кілттің екінші данасы - касса меңгерушісінде болуға тиіс.

Лауазымды адам сеніп тапсырылған қоймалардың кілттері мен мөрлерді, осы

кілттер мен мөрлерді жұмыс уақытында және жұмыс уақытынан тыс басқа адамдардың қандай да бір пайдалану мүмкіндігін болдырмауды, тиісті дәрежеде сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

5.2.3. Қолма-қол ақша сақталатын барлық қоймалардың, отқа жанбайтын сейфтердің металл шкафтардың кілттерінің көшірмелері болуға тиіс.

Қойма кілттерінің көшірмелері осы көшірмелердің толық тізімдемесімен пакетке орналастырылады, ол матаға тігіледі және Ұлттық Банк бөлімшелерінің құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдарының үш мөрімен мөрленеді. Пакет кілттердің көшірмелерін сақтауға беру туралы, аталған адамдар қол қойған өтінішпен бірге екінші деңгейдегі банкке сақтауға өткізіледі.

Кілттердің көшірмелерін сақтауға өткізуге қоса берілген ілеспе хатта кілттерді қайта беруге Ұлттық Банктің осы бөлімшесінің құндылықтардың сақталуына жауапты үш лауазымды адам қол қойған және ел таңбасы бар мөрмен бекітілген жазбаша талап болған жағдайда жол беріледі.

Кілттердің көшірмелері кілттің бірінші данасы сынған немесе жоғалған жағдайда, эмиссиялық-кассалық жұмыстардың жай-күйіне Ұлттық Банк орталық аппаратының арнайы уәкілетті бөлімшелері, сондай-ақ Ұлттық Банктің арнайы уәкілетті бөлімшелері өткізген тексерулер мен тексерістер, зерттеулер кезінде с ұ р а т ы л у ы м ү м к і н .

Кілттердің көшірмелерін тізімдемелердің көшірмелерімен және қоса берілген ілеспе хатпен бірге сақтауға қабылдау жөніндегі құжат Ұлттық Банк бөлімшелерінде ерекше жағдайда бөлімшелер басшысында отқа жанбайтын сейфте сақталады. Сақтауға өткізілген кілттердің көшірмелері осы кілттерді тиісті баланстан тыс шотта, шартты құны 1 теңгемен өткізген Ұлттық Банк бөлімшелерінде ескеріледі.

Кілттердің көшірмелерін сақтаулы орыннан құндылықтардың сақталуына, жауапты лауазымды адамдар алған жағдайда оларды алудың себептерін көрсете отырып акт жасалады және оған қол қойылады. Акт тиісті баланстан тыс шот жөніндегі баланстан тыс шығыс ордеріне қосылады.

5.2.4. Ұлттық Банк бөлімшелерінің ішкі аудит қызметі қоймалардың, отқа жанбайтын сейфтер мен металл шкафтар кілттерінің Ұлттық Банк бөлімшелерінде сақталуына бақылау жасауға, сондай-ақ Ұлттық Банк бөлімшелерінің осы кілттерді қайта алу себептерін тексеруге міндетті.

5.2.5. Қоймаға кіруге қойманың кілттері мен мөрлері бар құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдарға ғана рұқсат етіледі, оның үстіне қоймаға барлығы бірге кіріп, одан бірге шығуға тиіс.

Ұлттық банк бөлімшелерінің басқа қызметкерлері қоймаға бөлімше басшысының немесе оның орынбасарының рұқсатымен, құндылықтардың сақталуына жауапты барлық лауазымды адамдардың міндетті түрде қатысуымен

ғ а н а к і р е а л а д ы .

Жұмыс күндері барлық қоймаларды құндылықтармен операциялардың жасалған, жасалмағанына қарамастан, құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдар ашуға, қарауға және тексеруге тиіс.

5.2.6. Ұлттық Банк бөлімшелеріндегі қоймаларды ашар алдында күзет өкілдерінің қатысуымен лауазымды адамдар есіктердің, құлыптардың, шпагат пен басылған мөрдің зақымданған-зақымданбағанын тексеруге, одан кейін құндылықтар қоймасын күзетке қабылдау мен күзеттен өткізудің ф.52 (осы Ережеге қоса берілген N 52 қосымша) бақылау журналына қол қоюға тиіс. Мөрлер басылған арнайы ағаш тақтайшаны жұлып алуға болмайды, ол шпагаттың бір орамын кесіп, қойма ашылғаннан және тексерілгеннен кейін осы мөрлердің түпнұсқалылығын тағы да бір рет тексеруге болады. Қойма тексерілгеннен кейін алынған мөрлер жойылады.

Қоймаға кіруге әрекет жасалды деген күдік туса, ол туралы Ұлттық Банк бөлімшесінің басшысын тез арада, ал қажет болған жағдайда құқық қорғау органдарын хабардар ету керек. Мұндай қоймаларды ашуға дейін барлық лауазымды адамдар мен күзет өкілдері қол қойған акт жасалады. Содан кейін кінәлі адамдар анықталған бойда қажетті шаралар қолданылады. Мұндай жағдайда басылған мөрдің бедері жойылмайды.

Қойманың (сақтау орнының) есіктері ашылғаннан кейін қойма терезесінің, қабырғаларының, едендері мен төбелерінің, сондай-ақ ішкі қоймалар мен (сақтау орындарының) есіктері мен құлыптарының тұтастығына көз жеткізу керек. Олардың бүтіндігіне күдіктенген жағдайда дерек қоймадағы бар құндылықтарға акт жасай отырып, тексеру жүргізу қажет.

5.2.7. Жұмыс күні ішінде қоймалар, сейфтер, шкафтар, ал оларда құндылықтар бар болса, одан басқа құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдардың мөрлері басылса кілттеніп жабық тұруға тиіс. Оларды жұмыс күні аяқталғаннан кейін мөрлеу күзет өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі .

Сонымен бірге мөрлер шпагат түйінінен кейінгі жердегі мөрге арналған ойықты арнайы ағаш тақтайшаларының үстіндегі шпагаттың үстіне басылуға т и і с :

бірінші - касса меңгерушісі;
екінші - Ұлттық Банк бөлімшелері бас бухгалтерінің орынбасары;
үшінші - Ұлттық Банк бөлімшелерінің арнайы уәкілетті басшысы.

Бүтін, түйінсіз және үзіксіз шпагат қойма есігінің тұтқасының көзіне өткізіледі, яғни есік шпагат пен мөрдің зақымдануынсыз ашылмайтындай болуы керек. Қоймаларды мөрлеу үшін тек қана сургуч қолданылады. Сургучтің ерітіндісі мөрге арналған тақтайшаның ойығы диаметрінің шегінде болуға тиіс.

5.2.8. Мөрленген қойманы қабылдауда күзет қызметкерлері ф.52 бақылау журналына, басылған мөрдің бедерін өздерінің үлгілерімен алдын-ала салыстыра отырып, қол қояды. Қоймалардың есіктерін мөрлеу үшін қабылданған басылатын мөрдің бедер үлгілері және т.б. күзет қызметкеріне қол қойғызу арқылы табыс етіледі, ол Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшысында сақталады. ф.52 бақылау журналы Ұлттық Банк бөлімшесінің касса меңгерушісінде сақталады.

5.2.9. Қоймаларды мөрлеу, сондай-ақ банкноттар пачкілері мен металл ақша салынған қапшықтарды мөрлеу немесе пломбылау үшін Ұлттық банк бөлімшелерінің құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдары, кассирлер мен басқа да қызметкерлер Ұлттық Банк бөлімшелерінің атауы немесе ФАА бойынша оның номері мен мөрдің (пломба немесе клише) рет номері жазылған металл мөрлермен (пломбалармен немесе клишелермен) жабдықталуға т и і с .

Аталған қызметкерлер мөрлерді, пломбаларды, бәсіре штамптар мен жеке коды бар клишелерді, қоймалардың кілттерін тиісті дәрежеде сақтауды қамтамасыз етеді, оларды басқа адамдардың пайдалануына ешқандай жол б е р м е й д і .

5.2.10. Ұлттық Банк бөлімшелерінде бар қоймалардың барлық мөрлері мен кілттері, пломбалары, кассирлердің бәсіре штамптары арнайы журналға тіркелуге тиіс, ол журналды Ұлттық Банк бөлімшесінің басшысы немесе оның жазбаша нұсқауы бойынша бөлінген құндылықтармен операциялар жасаудан б о с а т ы л ғ а н а д а м жү р г і з е д і .

Пломбалар, мөрлер мен кілттер, бәсіре штамптар пен клишелер журналға қол қою арқылы беріледі. Сейфтерді бірнеше қызметкер пайдаланған жағдайда жұмыс уақытынан тыс кезде өзара кілт алмасу тәртібі Ұлттық Банк бөлімшесі басшысының жазбаша нұсқауымен белгіленеді.

Жұмыста пайдаланылмайтын, сондай-ақ ақаулы мөрлер, кілттер, пломбалар, клишелер мен бәсіре штамптар қоймадағы құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдар буып-түйген және мөрленген шкафтардың бірінде сақталады .

Сейфтің немесе металл шкафтың кілті жоғалған жағдайда құлыптың құпиясы өзгертілуге тиіс. Аталған жұмысқа тиісінше жіберулі құқығы бар адам т а р т ы л а д ы .

Ұлттық Банк бөлімшесінің басшысы тағайындалған комиссия арқылы құлыптың құпиясын өзгерту және жаңа кілт жасау жөнінде міндетті түрде акт жасалады. Онда құлыптың құпиясын өзгерту және жаңа кілт жасау себептері мен жіберу рұқсатының болуына сілтеме жасай отырып, осы жұмыстарды жүргізген адамның аты-жөні көрсетіледі. Актілер Ұлттық Банктің басшысында арнаулы іс-қағаздарында тұрақты сақталады.

Кілттің жоғалуына кінәлі адам істің жағдайына қарай тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Жұмыс уақыты кезінде құндылықтарды сақтау үшін кассирлер сейфтермен, арнайы арбалармен немесе металл шкафтарымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Кассирлерге жұмыс уақыты ішінде жұмыс орнында уақытша болмаған кезде ақшаны, құндылықтарды, пломбаларды, мөрлерді, бәсіре штамптарды, жеке коды бар клишелерді, ақша сақталатын орынның кілтін ашық күйінде қалдыруға, сейфтерді, металл шкафтарды, арнайы арбаларды немесе стол жәшіктерін жабусыз қалдыруға тыйым салынады. Сондай-ақ ақшалар мен құндылықтарды сақтауға арналған қоймалар, отқа жанбайтын сейфтер, металл шкафтар, арнайы арбалар мен стол жәшіктері есіктерінің құлыптары саңылауларының операциялар жүргізілген кезде ашық қалуына қатаң тыйым салынады.

3-тарау. Құндылықтардың сақталуына материалдық жауапкершілік

5.3.1. Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшысы касса жұмысын ұйымдастыруға және оның жай-күйіне дербес жауап береді.

5.3.2. Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшысымен қатар касса жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылуы мен тиісті дәрежеде сақталуына және Ұлттық Банк бөлімшелеріндегі барлық құндылықтардың толық сақталуына, сондай-ақ клиенттердің анық кассалық қызмет көрсетуіне Ұлттық Банк бөлімшелерінің арнайы өкілетті бөлімшесінің басшысы жауап береді.

Қоймалардағы резервтік қорлар мен басқа да құндылықтардың және олармен операциялар жасауға байланысты материалдық жауапкершілік касса меңгерушісіне жүктеледі.

5.3.3. Ұлттық Банк бөлімшелерінің құндылықтармен және олармен операциялар жасау жұмыстары тапсырылған барлық қызметкерлері осы Тәртіпте белгіленген нормаларды білуге міндетті.

Касса қызметкерлерінің осы Тәртіп талаптарын білмеуі қандай да бір тәртіп бұзушылықтарға жол берілген жағдайда оларды жауапкершіліктен босату үшін негіз бола алмайды.

5.3.4. Басшылар, бас бухгалтерлер, касса меңгерушілері және Ұлттық Банк бөлімшелерінің арнайы уәкілетті бөлімінің басшылары эмиссиялық-кассалық операцияларды жасау тәртібін қатаң сақтауды, кассаларға түскен қолма-қол ақшаны дер кезінде кіріске алуға бақылау жасауды, айналым кассасынан белгіленген лимиттерден асқан ақшаларды резервтік қорларға аударуды қамтамасыз етуге міндетті.

Эмиссиялық-кассалық тәртіпті әрбір бұзушылық туралы және Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшылары қабылдаған шараларды Ұлттық Банк орталық аппаратының арнайы өкілетті бөлімшелеріне мәлімдейді.

5.3.5. Ұлттық Банк бөлімшелерінің касса қызметкерлеріне:

а) құндылықтармен операциялар жасауда тапсырылған жұмысты орындауды, сондай-ақ олардың міндеттеріне кірмейтін жұмысты орындауды басқа адамдарға сеніп тапсыруға;

б) клиенттердің шоттарындағы қолма-қол ақшаны алуға немесе жарна төлеуге арналған тапсырмасын тікелей орындауға, сондай-ақ олардан қолма-қол ақшаның жарнасына немесе қолма-қол ақшаны алуға операция қызметкерлеріне соқпай-ақ, тікелей құжаттар қабылдауға;

в) өз ақшалары мен басқа құндылықтарын Ұлттық Банктің қолма-қол ақшамен және құндылықтарымен бірге сақтауға қатаң тыйым салынады.

5.3.6. Касса қызметкерлері өздері жасаған пачкілердегі, түбіршектердегі және өздері қол қойған басқа бумалардағы ақшалар мен құндылықтардың жетімсіздігі үшін, сондай-ақ олар сорттаған және буып-түйген ақшалардың арасынан төлем жасауға болмайтын және жалған (жасанды) банкноттар мен металл ақшалар табылғаны және жұмысында Ұлттық Банкке материалдық залал келтірген басқа да кемшіліктер үшін материалдық жауапкершілікте болады. Касса қызметкерлері олар буып-түйген құндылықтардағы жетімсіздіктің немесе басқа ақаулардың қашан және қай жерде табылғанына қарамастан аталған жауапкершілікті арқалайды.

5.3.7. Құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдар Ұлттық Банк бөлімшелерінің резервтік қорларында сақтаулы, толық сақталуы оларға сеніп тапсырылған құндылықтарға ортақ жауапкершілікте болады.

6-тарау. Ұлттық валютадағы банкноттар мен металл ақшаларды қалыптастыру және буып-түю

6.1. Ұлттық Банк бөлімшелерінде осы Тәртіпте белгіленген ақша банкноттары мен металл ақшаларды өндеудің, қалыптастыру мен буып-түюдің, банк операцияларын жасау және резервтік қорларда сақтау үшін кассалардың қолма-қол ақшаны пайдалануының бірыңғай тәртібі қолданылады.

6.2. Ұлттық Банк бөлімшелерінің кассирлері нақты құны бойынша қайта санау үшін кассаға қабылданған банкноттар мен металл ақшаларды сорттайды. Банкноттар айналымға жарамдысы және тозғаны бойынша сортталады. Металл ақшалар айналымға жарамдысы және ақаулысы (зақымданғаны) болып сортталады, одан кейін айналымға жарайтын банкноттар мен металл ақшалар тозған банкноттар мен ақаулы (зақымданған) металл ақшалардан бөлек буып-түйіледі.

6.3. Нақты құны бірдей банкноттың түбіршектегі әрбір 100 парағы пачкідегі түбіршектерді буып-түю әдісіне қарай крес түрінде немесе көлденең бандероль түрінде буып-түйіледі. Егер қалыптасқан пачкі кейіннен шпагатпен байланатын болса, онда түбіршектер крест түрінде буып-түйіледі. Банкноттар полиэтилен

пакеттеріне салынатын болса,
түбіршектер бірыңғай көлденең бандероль түрінде буып-түйіледі.

Б а н д е р о л ь г е :

* ФАА көрсете отырып, Ұлттық Банк бөлімшелерінің атауы жазылған
ш т а м п т а р ;

* банкноттардың сомасы мен нақты құны;

* буып-түйюші кассирдің қолы;

* кассирдің бәсіре штампы немесе коды;

* қалыптасқан күні қойылуға тиіс.

6.4. Банкноттар пачкіде 10 түбіршектен (нақты құны бірдей банкноттың 1000 парағы) қалыптасады, оның астына және үстіне қатырма қағаз салынады және түйінсіз және үздіксіз шпагатпен, крест түрінде төрт тұйық түйінге түйіліп, қос қабаттап байланады, шпагаттың ұшына кассир қорғасын пломбасын салады. Полиэтилен пакеттеріне салынған кезде пакеттің аузы пісіріліп бітеледі, сонымен бірге пісіріп бітеуге пайдаланылатын клишеде Ұлттық Банк бөлімшелерінің атауы немесе ФАА номері мен рет номері көрсетіледі.

6.5. Буып-түйю әдісіне қарамастан пачканың үстіндегі жапсырмаға және тиісті
м ә л і м е т ж а з ы л ғ а н қ а ғ а з ғ а :

* Ұлттық Банк бөлімшелерінің атауы немесе ФАА номері жазылған штамп;

* банкноттар мен металл ақшалардың нақты құны;

* банкноттар мен металл ақшалардың сомасы;

* банкноттардың саны;

* буып-түйілген күні;

* кассирдің бәсіре штампы немесе коды қойылады.

6.6. Толық түбіршектер мен пачкілер қалыптастыруға болмайтын банкноттарды біріктіру және буып-түйю үшін бір немесе бірнеше кассирге
б е р і л е д і .

Біріктірілген және буып-түйген кезде толық емес түбіршектердегі қабылданған банкноттарды кассирлер парақтар санайды және олардан банкноттың толық түбіршегін қалыптастырады. Банкноттарды біріктіргеннен кейін оларды кассирлер нақты құны бойынша іріктейді және толық пачка етіп буып-түйеді. Біріктірілген пачканың бетіндегі жапсырманың сол жақ бұрышына "Жинақталған" деген жазу жазылады.

6.7. Толық пачкалар қалыптастыруға болмайтын банкноттардың жекелеген түбіршектері нақты құны бірдей банкноттардан толық емес пачкі етіп немесе нақты құны әртүрлі банкноттардан, он түбіршектен аспайтын шекте пачка етіп буып-түйіледі. Толық емес пачканың беткі жапсырмасын ресімдеу үшін міндетті реквизиттер қолдан ресімделеді. Нақты құны әртүрлі банкноттар түбіршектерінен қалыптасқан пачкідегі жапсырмаларында әрбір нақты құн

бойынша банкноттардың саны мен сомасы көрсетіледі және "Жинақталған" деген ж а з у ж а з ы л а д ы .

6.8. Тозған банкноттарды біріктіру кезінде, 6, 7-тармақта белгіленген талаптар қайта санау мен буып-түюдің белгіленген тәртібін сақтай отырып сақталады. Түбіршектер бандерольдарының және тозған банкноттар пачкасының беткі жапсырмаларының оң жақтағы жоғарғы бұрышына "Тозған" деген штамп қ о й ы л а д ы .

6.9. "Жинақталған" деген штампсы бар нақты құны бірдей банкноттардан қалыптасқан пачкалар резервтік қорларға есептелінеді, оларды сақтау мерзімі қалыптасқан күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Айналым кассасында қалған банкноттардың толық емес пачкалары мен түбіршектері айналымға жарамды және тозған банкноттар болып жеке қ а л ы п т а с а д ы .

Айналымға жарамды банкноттар мен металл ақшалар 5 жұмыс күні ішінде клиентке берілуге тиіс не болмаса сақтау мерзімі өтісімен бақылау ретінде парактап қ а й т а с а н а л у ғ а т и і с .

Тозған банкноттар мен ақаулы (зақымданған) металл ақшалар 5 жұмыс күні аяқталысымен парактап қайта саналуға және көлемі бойынша қайта саналуға тиіс .

6.10. Айналымға жарамды металл ақшалар нақты құны бойынша бөлшектеп оралады және кассирлер нақты құны бойынша пакетке буып-түйіледі және сыртында тігісі мен ақауы жоқ қапшықтарға салынады. Әрбір буылған қапшықтың аузы матадан жасалған тиісті мәлімет жазылған қағазбен бірге тігіледі, түйінсіз және үзіксіз шпагатпен байланады. Шпагаттың ұшы тұйық түйін етіп байланып, оған пломба салынады. Пакеттерге және металл ақша салынған қапшықтардағы жарлықтарға жүйелі түрде мыналар қойылады:

* Ұлттық Банк бөлімшелерінің атауы немесе ФАА номері;

* буып - түйілген күні;

* металл ақшалардың нақты құны;

* с о м а с ы ;

* кассирдің қолы мен бәсіре штампы немесе коды.

Айналым кассасындағы ішіне металл ақша салынған қапшықтар қатты қағаздан жасалған жарлықтармен жабдықталады. Тиісті мәліметтер жазылған қағаз тұйық түйін етіп байланып, пломба салынған шпагаттың ұшына кигізіледі.

6.11. Бір қапшыққа салынған металл ақша сомасы нақты құны бойынша б е л г і л е н е д і :

* 2 және 5 тиын - 3000 дана;

* 10 тиын - 2000 дана;

* 20 тиын - 1500 дана;

*	50	тиын	-	1000	дана;
*	1	теңге	-	3000	дана;
*	3	теңге	-	2000	дана;
*	5	теңге	-	1500	дана;
*	10	теңге	-	1000	дана;
*	20	теңге	-	500	дана.

6.12. Қапшықтан металл ақшаларды ішінара алу немесе қапшыққа қосымша салу кезінде, металл ақшалардың қалдығы көлемі бойынша ал бөлшектеп орылған металл ақшалар - пакеттерге қойылған қолдар бойынша міндетті түрде қайта саналуға тиіс.

Қапшық белгіленген тәртіпке сәйкес қайта тігіледі. Қапшыққа бекітілген тиісті мәлімет жазылған қағаз қайта санаған және қайта санаған күнін көрсете отырып металл ақшалардың нақты қалдық сомасын куәландырған кассирдің қолы қойылады.

Кассирде қалған толық пачкілер қалыптастыруға болмайтын металл ақшалар салынған пакеттер біріктіру және буып-түю үшін бір немесе бірнеше кассирге беріледі.

Толық қапшық қалыптастыруға болмайтын жекелеген пакеттер нақты құны бірдей металл ақшалар салынған толық емес қапшықтар етіп немесе нақты құны әртүрлі металл ақшалар салынған қапшықтар етіп буып-түйіледі, осы қапшықтарға бекітілген тиісті мәлімет жазылған қағаз әрбір нақты құнның сомасы көрсетіледі.

Пакеттерден қалыптасқан, әртүрлі кассирлер санаған толық және толық емес қапшықтарға бекітілген жарлықтарға "Жинақталған" деген жазу жазылады.

Әртүрлі кассирлер қол қойған нақты құны бірдей айналымға жарамды металл ақшалар салынған пакеттерден қалыптасқан жинақталған қапшықтар резервтік қорларға есептелінеді және оларды сақтау мерзімі қалыптасқан күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспауға тиіс. Айналым кассасындағы қалдықта қалған металл ақшалар салынған жинақталған қапшықтар қалыптасқан күннен бастап онда 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге сақталады.

6.13. Айналым кассасында келесі күнге қалған, касса меңгерушісі қайта санаған және қалыптастырған пачкадағы банкноттар мен қапшықтағы металл ақшаларды қайта санағаннан кейін пломба салмай-ақ крест түрінде шпагатпен байланады. Толық түбіршектер қалыптастыруға болмайтын банкноттар бандероль етіп жасалады. Бірақ пачкі етіп буып-түйілмейді. Айналым кассасында қалдықта қалған, касса меңгерушісі қайта санаған және бөлектеп ораған металл ақшалар қоймада не болмаса сейфте сақталады, ол айналым кассаларының лимитінен аспайтын міндетті шартқа сай болуға тиіс.

7-бөлім. Құндылықтарды тексеру

7.1. Ұлттық Банк бөлімшелерінің резервтік қорларында және айналым к а с с а л а р ы н д а ғ ы

банкноттарды, металл ақшаларды және басқа құндылықтарды тексеру, сондай-ақ олардың сақталу тәртібіне тексеріс мына жағдайларда:

* Ұлттық Банк бөлімшелерінің құжаттық тексерулер кезінде;

* Ұлттық Банк бөлімшелері басшыларының тоқсанына бір реттен кем емес н ұ с қ а у л а р ы
б о й ы н ш а ;

* 1 қаңтардағы жаңа есеп беру жағдайы бойынша жыл сайын;

* Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшылары, бас бухгалтерлері немесе касса меңгерушілері ауысқан кезде;

* Ұлттық банк бөлімшелерінің құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдар уақытша ауысқан кезде жүргізіледі.

7.2. Банкноттарды, металл ақшаларды және басқа құндылықтарды жоспарлы тексеруді Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшысының бұйрығымен құрылған комиссия жүргізеді, оның құрамына құндылықтарға байланысты операцияларды жүзеге асырмайтын қызметкерлер тартылады.

Тексеру комиссиясының жетекшісі Ұлттық Банк бөлімшесі басшысының бұйрығымен тағайындалады.

Тексеру жүргізудің белгіленген тәртібін дұрыс ұйымдастыру және орындау үшін тексеруді тағайындаған Ұлттық Банк бөлімшесінің басшысы жауапкершілікте болады.

7.3. Егер есеп беріліп отырған тоқсанның соңғы айында Ұлттық Банк орталық аппаратының комиссиясы тексеру жүргізген болса, тоқсан сайынғы тексеру жүргізілмейді.

Ұлттық Банк бөлімшесінің басшысының ауысуына байланысты тексеруді Ұлттық Банк бұйрығымен тағайындалған Ұлттық Банк орталық аппаратының өкілі басқаруға тиіс.

7.4. Ұлттық Банктің осы бөлімшесінде қызмет жасамайтын тексеру комиссиясының мүшелері Ұлттық Банк бөлімшесі берген Ұлттық Банк бөлімшесі басшысының қолы қойылған елтаңбасы бар мөрмен бекітілген куәлігі болғанда ғана тексеру жүргізуге жіберіледі.

7.5. Тексеру Ұлттық Банк бөлімшесіндегі құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдардың қатысуымен жүргізіледі, лауазымдарды белгілі себептермен болмай қалған жағдайда, тексеру оның қатысуынсыз жүргізіледі, актіге тексеруге қатысқан барлық мүшелер мен Ұлттық Банк бөлімшелері басшысының қолы қойылып, бұл туралы айрықша атап өтіледі.

7.6. Өткізілген тексеру Ұлттық Банк бөлімшелері операциясының әдеттегі барысын бұзбауға тиіс.

Тексеру дәл сол күнгі жағдай бойынша барлық құндылықтарға тексеріс жасаумен қатар кенеттен дәл сондай жүйемен жүргізілсе, мұндайда ұрланған және қолма-қол ақша мен құндылықтардың жетімсіздігін жасыру мүмкіндігін б о л д ы р м а с е д і .

Тексеру комиссиясының жетекшісі тексеруге кірісе отырып, тексеруді бастау сәтінде онда құндылықтардың болуына қарамастан касса торабындағы барлық қоймаларды сургуч мөрімен мөрлейді, айналым кассасы мен резервтік қордағы қолма-қол ақша мен құндылықтарды өз бақылауына алады, кассада қайта саналатын ақшалардың, құндылықтардың бар-жоғын анықтайды және егер бар болса басқа құндылықтармен қатар оларға да тексеріс жүргізеді.

Кассалардағы қолма-қол ақша мен құндылықтарды толық тексергенге дейін құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамның қоймаға кіруіне тексеру комиссиясының жетекшісінің қатысуымен ғана рұқсат етіледі, оның үстіне қолма-қол ақша мен құндылықтарды осы кезеңде салу немесе алу оның бақылауымен жүргізіледі. Бір қабылдауда жоғарыда аталған барлық құндылықтарға бір мезгілде тексеру жүргізе алмаған жағдайда тексеру комиссиясының жетекшісі жұмыс күні аяқталғаннан кейін құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдармен бірге қоймалар (сақтау орындар) мен сейфтерді мөрлейді және оларды белгіленген тәртіппен күзетке өткізеді. Тексеру комиссиясы жетекшісінің мөрі тақтайшадағы Ұлттық Банк бөлімшелерін тексерген лауазымды адамдардың мөрінен жоғары қойылады.

7.7. Құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамды резервтік қордағы құндылықтарды, банкноттар мен металл ақшаларды сақтауға байланысты міндетінен босату кезінде ішінара қайта санауға тура келеді, тексеру комиссиясы жетекшісінің қалауы бойынша айналым кассасындағы банкноттар мен металл ақшалар парақтап қайта саналады және көлемі бойынша қайта с а н а л а д ы .

7.8. Банкноттар мен металл ақшаларды және басқа құндылықтарды тексеру м ы н а т ә р т і п п е н жү р г і з і л е д і :

* резервтік қорлардағы және айналым кассаларындағы банкноттар бастапқыда пачка мен түбіршек бойынша тексеріледі;

* металл ақшалар - қапшыққа бекітілген тиісті мәлімет жазылған қағаз қойылған қолдар бойынша жүргізіледі;

* беруге алдын ала әзірленген буып-түйілген қолма-қол ақша - қапшыққа бекітілген тиісті мәлімет жазылған қағаз қойылған қолдар және ақшаның жалпы сомасының ф.49 кітаптағы мәліметтермен дәл келуі бойынша жүргізіледі;

* банкноттар мен металл ақшаларды аталған тексеруден өткізгеннен кейін тексеру комиссиясының жетекшісі кассирлерге бақылау ретінде тұтас парақтап қайта санауға және металл ақшаларды көлемі бойынша қайта санауға береді.

7.9. Тексеруші кассирге банкноттарды парақтап қайта санау үшін алдын-ала түбіршектен бандеролді алады және оны банкноттың бір бөлігімен бақылау үшін өзінде қалдырады. Кассир банкноттарды қайта санап, олардың сомасын немесе банкнот санын хабарлайды, тексеруші кассирдің мәліметтері мен бақылауға қалдырылған банкноттардың жалпы санын шығарады және алынған мәліметтер қорытындысын бандеролде көрсетілгендермен салыстырады. Қайта саналған қолма-қол ақшалардың жалпы сомалары бандеролде көрсетілген мәліметтермен дәл келген жағдайда, бақылауға қалдырылған банкноттарды қайта санау және белгіленген тәртіппен түбіршекті буып-түю үшін кассирге беріледі. Дәл келмегенде жағдайда - банкноттарды тексеруші қайта санауға тиіс, одан кейін белгіленген тәртіппен оларды бастапқыда қайта санаған кассирлер қайта санауға және буып-түюге тиіс. Ашылған пачкадағы бетінде жапсырмалары мен пломбасы кесілмеген оралған бандеролдар барлық қолма-қол ақшаларды толық қайта санағанға дейін тексерушіде қалуға тиіс.

Тексеруші пачкілердің, пломбалардың бүтіндігін және бандеролдар мен пачкалардың беткі жапсырмаларының дұрыс ресімделуін тексереді.

Ақшаны қайта санауды бұрын өздері қалыптастырған касса қызметкерлеріне ақшаны қайта санауға тапсыру тексеру комиссиясы жетекшісінің шешімі бойынша ғана рұқсат етіледі.

7.10. Резервтік қордағы банкноттар бастапқыда пачкілер, түбіршектер және алдын-ала беруге әзірленген сомалар салынған қапшықтарға бекітілген тиісті мәлімет жазылған қағаз қойылған қолдар бойынша тексеріледі, одан кейін парақтап қайта санау арқылы тексеріледі, ал металл ақшалар - қапшықтарға бекітілген тиісті мәлімет жазылған қағаз қойылған қолдар бойынша, одан кейін тексеру комиссиясының басшылары белгілеген мөлшердегі көлемі бойынша қайта санау арқылы тексеріледі, оның жеке өзі сақтаудың түрлі мерзімдеріндегі банкноттар мен металл ақшаларды, әртүрлі кассирлер әртүрлі күнде буып-түюді қалыптастырған нақты құны әртүрлі толық пачканы парақтап қайта санау және көлемі бойынша қайта санау үшін қайтарып алуға міндетті.

Жинақталған пачкалардағы, зақымдалған бумалардағы немесе жапсырмалары (тиісті мәлімет жазылған қағаз) дұрыс ресімделмеген банкноттар мен металл ақшалар толық қайта саналады.

7.11. Кассада қайта санауда жатқан банкноттар парақ бойынша, ал металл ақшалар - тексеру комиссиясының жетекшісі немесе Ұлттық Банк бөлімшелерінің тиісті басшылары белгіленген мөлшердегі көлем бойынша тексеріледі, олардың нұсқаулары бойынша тексеру жүргізіледі.

7.12. Қолма-қол ақшаның жалпы сомасы ф.19 кітап мәліметтерімен салыстырылады.

7.13. Қоймадағы банкноттар мен металл ақшаларды және басқа

құндылықтарды қайта санағаннан кейін тексеру комиссиясының мүшелері қолда қалған құндылықтарды ф.49, ф.50, ф.51 кітаптарының күн сайынғы балансының, талдау есептерінің мәліметтерімен тексереді, бұдан басқа тексеруге алынған құндылықтардың қайтадан қоймаға салынғанын-салынбағанын тексереді.

7.14. Бухгалтерлік есеп бойынша тексерілмеген қолхат-пен басқа құжаттар сомалары кассаларындағы қалдықтарды ақтау үшін қабылданбайды және ол кассирдегі жетімсіздік деп есептеледі. Кассадағы табылған артық ақша касса кірісіне алынуға тиіс.

Кассирдің, сол күні өзі қалыптастырған барлық қолма-қол ақшалар пачкаларындағы (қапшықтарындағы) ақшаларды жетімсіздігі немесе артық шығуы табылған жағдайда парақтап және бір-бірлеп қайта санауға тура келеді.

7.15. Құндылықтарға жүргізілген тексеру туралы акт жасалады, оған тексеруге қатысқан барлық қызметкерлер, құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдар қол қояды. Ақшалар мен құндылықтардың жетімсіздігі немесе артық шыққаны, есептегі алшақтықтар немесе құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етудегі, кемшіліктер белгілі болған жағдайда екі дана етіп акт жасалады, оның бірінші данасы Ұлттық Банк орталық аппаратының арнайы уәкілетті бөлімшесіне жіберіледі.

Құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдардың ауысуына байланысты тексеру, резервтік қорларды сақтау кезінде, айналым кассасы мен басқа құндылықтардың болуына, сондай-ақ олармен операциялар жасауға байланысты құжаттарға оларды түпкілікті тексергенге және актіге қол қойғанға дейін ақшалар мен құндылықтарды өткізуші адам қол қояды.

Ұлттық Банк бөлімшелерінің резервтік қорларындағы және кассаларындағы банкноттарды, металл ақшалар мен басқа құндылықтарды тексеруден басқа, Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшылары жасаған жоспар бойынша тоқсан сайын эмиссиялық-кассалық жұмыстарға, күзеттің және дабылдың жай-күйіне, өту рұқсаты тәртібін сақтауға, есептің дұрыстығына, кілттерді, мөрлерді, штамптарды, пломбаларды сақтау мен пайдалануға тексеру жүргізіледі.

Тексеру жүргізуге Ұлттық Банк бөлімшелерінің осы мақсатқа даярланған, аталған учаскенің жұмыстарын зерттеген қызметкерлер тартылады.

Тексерілген мәселелер бойынша кемшіліктер табылған жағдайда ф.39 актісі жасалады, онда ашылған кемшіліктердің сипатын, жұмыста тәртіп бұзушылыққа жол берген қызметкерлердің аты-жөндерін, кемшіліктердің себептері мен оларды жою жөнінде қолданылған шараларды көрсетіледі. ф.39 актісіне тексерілген учаскені тексеруші және жетекші қызметке қол қояды.

Барлық жүргізілген тексерулер кітапқа тіркеледі, онда тексерушінің аты-жөні, лауазымы, олар тексерген учаске, тексеру жүргізілген уақыт, тексеру көлемі, оның нәтижелері көрсетіледі (актіге сілтеме жасалады немесе ескертпе жоқ деп

ж а з ы л а д ы) .

Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшылары бес күн мерзім ішінде жүргізілген тексерулер мен тексерістердің нәтижелерін қарауға және анықталған кемшіліктерді кідіріссіз жоюға, сондай-ақ жұмыстарды ұйымдастыруда осы Ережеге қатаң сәйкес шаралар қабылдауға міндетті.

7.16. Құндылықтарға тексеру жүргізу ережесінде белгіленген тәртіппен банкноттарды, металл ақшаларды және құндылықтарды тексеруден басқа, Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшылары резервтік қорлардағы (Ұлттық Банк бөлімшелерінің бумаларындағы) қолма-қол ақшаларды, ақша банкноттарының пачкалары мен металл ақшалар салынған қапшықтарды бақылау ретінде қайта санау үшін санын ішінара белгілей отырып, кем дегенде айына бір рет бақылау ретінде қайта санауды қамтамасыз етуге міндетті.

Бақылау ретіндегі қайта санау құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдардың біреуінің, немесе құндылықтармен операция жасамайтын арнайы бөлінген қызметкердің байқауы бойынша жүргізіледі. Банкноттарды, металл ақшалар мен басқа құндылықтарды бақылау ретінде қайта санауға байқауға арнайы тағайындалған адам ғана ала алады. Қайта санауға тура келген қолма-қол ақшалар қайта санаған кассирлер белгілеген тәртіпке сәйкес буып-түйіледі. Бандеролдар бетіндегі жапсырмалар мен жарлықтарға "Бақылау ретінде қайта саналған" деген штамп қойылады.

Бақылау ретінде қайта санау және резервтік қордағы банкноттардың толық емес пачкаларын біріктіру кезінде қайта санаулы касса меңгерушісі жүргізеді, ал бақылауды осы Тәртіпте белгіленген тәртіпке сәйкес құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдар жүзеге асырады.

7.17. Егер қолма-қол ақша мен басқа құндылықтардың жетімсіздігі ұрлық салдарынан болса, Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшысы бұл факті туралы қажет болған жағдайда құқық қорғау органдарына хабарлайды және істің жағдайы түпкілікті анықталғанға дейін жетімсіздік табылған жердегі Ұлттық Банк қызметкерлерін құндылықтармен жұмыс жасаудан шеттетеді.

Ұлттық Банктің орталық аппаратына жіберілген ф.39 актісіне Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшысы мен бас бухгалтері қол қойған арнаулы хабарлама қоса беріледі, онда мыналар көрсетіледі:

- * оқиғаның болған жері;
- * оның табылған күні;
- * оқиғаның сипаты (жұмсап қою, ұрлау, қымқыру, өтірік айту);
- * залал келтірілген сома;
- * кінәлі адамның лауазымы, аты-жөні;
- * Ұлттық банк бөлімшесінде жұмыс істеген уақыты;
- * құндылықтың сақталуы мен зиянды өтеуді қамтамасыз ету жөнінде

қ а б ы л д а н ғ а н

ш а р а л а р ;

* қате есеп беруге жол берген адамға қатысты қабылданған шаралар.

7.18. Қолма-қол ақшаны ұрлау салдарынан пайда болған жетімсіздік осы құндылықтар белгіленген тәртіппен бұл құндылықтарды есепке алу үшін ескерілген тиісті шоттардан есептен шығарылады және кінәлі адамдардың е с е б і н е ж а т қ ы з ы л а д ы .

Ұлттық Банкке келтірілген материалдық зиян бойынша берешектерді өтеуді ешқандай кешіктіруге жол берілмейді.

Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен кінәлі адамның мүлкін пайдаланудан алуға дейін шара қолдануға тиіс.

7.19. Құжаттық тексерулер жүргізу, сондай-ақ Ұлттық Банк бөлімшесіндегі эмиссиялық-кассалық жағдайларда тексерістер мен зерттеулер жүргізу кезінде қолма-қол ақша мен құндылықтардың сақталуын, сондай-ақ Ұлттық Банк бөлімшелерінің осы Тәртіпті сақталуын қамтамасыз ету мәселелеріне айрықша назар аударылуға тиіс.

8-бөлім. Ұлттық Банк бөлімшелерінің жауапкершілігі

8.1. Ұлттық Банк бөлімшелері, Ұлттық Банк Қоймасы және Касса Орталығы айналым кассалары мен резервтік қорлардың қозғалысы жөнінде ай сайын есеп берудің мынадай түрлерін жасайды және Ұлттық Банкке:

1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қоймадағы Ұлттық валютадағы резервтік қорлары" (осы Ережеге N 53 қосымша) N 9901 баланстан тыс шотта ескерілетін резервтік қорлар қалдығының ақша түрлерінің құрылымы бойынша келесі есеп берілетін айдың 5-нен кешіктірмейтін мерзімде берілетін есепті;

2) "Ұлттық банк мекемелерінің арасындағы эмиссиялық операциялар жөніндегі есеп айырысулар" (ЛЕРЕХ) (осы Ережеге N 54 қосымша) N 880 баланстық шоты бойынша айналым жөніндегі келесі есеп берілетін айдың 5-нен кешіктірмейтін мерзімде берілетін есепті;

3) Жаңа банкноттардың қозғалысы мен оларды Харрисон фирмасының, Банкнот фабрикасының буып-түюінде және металл ақшаларды Түсті металдар бұйымдары зауытының (Ақша сарайы) (осы Ережеге N 55 қосымша) буып-түюінде шығару туралы келесі есеп берілетін айдың 1-ші жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімдегі берілетін есепті ұсынады.

8.2. Ұлттық Банк бөлімшелерінің, Ұлттық Банк Қоймасының және Касса орталығының басшылары мен бас бухгалтерлері уақтылы есеп беруге және олардың дұрыстығына жауап береді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Ұ л т т ы қ

Б а н к

Р е с п у б л и к а с ы

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

1997 жылғы 25 шілдедегі
N 281 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банк бөлімшелеріндегі
Эмиссиялық - кассалық
операциялар және құндылық.
тардың сақталуын қамтамасыз
ету жөніндегі Ережеге
N 1 қосымша

Б е к і т е м і н
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банк Төрағасының
о р ы н б а с а р ы

19__ жылғы _____

19__ жылғы _____ дан _____ ға дейінгі кезеңге
арналған Ұлттық Банк бөлімшелерінің резервтік қорларын қолма-қол
а қ ш а м е н н ы ғ а й т у
ЖОСПАРЫ

(млн . теңгемен)

Ұ л т т ы қ Б а н к

б ө л і м ш е л е р і

А қ м о л а

А қ т ө б е

А т ы р а у

Ш ы ғ . Қ а з а қ с т а н

Ж а м б ы л

Ж е з қ а з ғ а н

Б а т ы с Қ а з а қ с т а н

Қ а р а ғ а н д ы

Қ ы з ы л о р д а

К ө к ш е т а у

Қ о с т а н а й

М а ң ғ ы с т а у

П а в л о д а р

С о л т . Қ а з а қ с т а н

С е м е й

Т а л д ы қ о р ғ а н
Т о р ғ а й
О ң т ү с . Қ а з а қ с т а н

ЖИЫНЫ

Қолма-қол ақшамен жұмыс жөніндегі
басқарма бастығы
Резервтік Ұсынылған Резервтік Нығайтуды Жөнел. Көлік
қорлардың төменде. қорлардан ескеріп тілген
19__ жылғы тілмеген ауытқуы жапастан күн
"___" _____ запас ауытқу
қалдығы

Н ы ғ а й т у д ы Ескерту
ж е т к і з у
т у р а л ы

белгі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к Б а с қ а р м а с ы н ы ң
1 9 9 7 ж ы л ғ ы 2 5 ш і л д е д е г і
N 2 8 1 қ а у л ы с ы м е н б е к і т і л г е н
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к б ө л і м ш е л е р і н д е г і
Э м и с с и я л ы қ - к а с с а л ы қ
о п е р а ц и я л а р ж әне қ ұ н д ы л ы қ .
т а р д ы ң с а қ т а л у ы н қ а м т а м а с ы з
е т у ж ө н і н д е г і Е р е ж е г е
N 2 қ о с ы м ш а

Б е к і т е м і н

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к Т ө р а ғ а с ы н ы ң
о р ы н б а с а р ы

19__ жылғы _____

Ұлттық Банк бөлімшелерінің резервтік қорларын Кассалық
орталықтан, Ұлттық Банк Қоймасынан нығайтуға,
Банкнот фабрикасынан (млн. теңге) әкетуге арналған
РҰҚСАТ ҚАҒАЗ

Рет Ұлттық Банк бөлімшелері Сомасы Күні Көлік

N

Ж И Ы Н Ы

Қолма-қол ақшамен жұмыс жөніндегі
басқарма бастығы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банк Басқармасының
1997 жылғы 25 шілдедегі
N 281 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банк бөлімшелеріндегі
Эмиссиялық-кассалық және құндылық.
операциялар және құндылық.
тардың сақталуын қамтамасыз
ету жөніндегі Ережеге

N 3 қосымша

**Резервтік қорларды нығайту үшін жөнелтілген
қолма-қол ақшалар жөніндегі
МӘЛІМЕТТЕР**

-
1. Жөнелтуші банктің
атауы: _____
2. Жөнелтуші ФАА нөмірі _____
3. Алушы банктің
атауы: _____
4. Алушы ФАА нөмірі _____
5. Құндылықтарды жөнелту
күні, айы, жылы _____

С О М А

Индекс	Ақша түрі	Жаңа банкноттар мен металл ақшалар	Банкноттар мен металл ақшалар	Тозған банкнот. Барлығы	00 символ ақшалар
		01 символ	02 символ		03 символ
					Банкноттар
		1	индексі бойынша		ЖИЫНЫ
			Металл ақшалар	-	теңге
			20	теңге	(ж а й)
			20	теңге	(Б Ұ Ұ ж а й)
			20	теңге	(Ж а м б ы л)
			20	теңге	(т ә у е л с і з д і к)
		2	индексі бойынша		ЖИЫНЫ

3 Металл ақшалар - тиын
 индексі бойынша ЖИЫНЫ
 Барлық металл ақшалар
 (2 + 3 индекстер)
 Коллекциялық
 Металл ақшалар
 20 теңге (БҰҰ капсулада)
 4 индексі бойынша ЖИЫНЫ
 Ескерткіш күміс
 ақшалар
 100 теңге (Абай)
 5 индексі бойынша ЖИЫНЫ
 Алтын инвестициялық
 ақшалар
 6 индексі бойынша ЖИЫНЫ
 Айналымға шығару туралы
 хабарланғанға дейін банк
 мекемелеріне жеткізілген
 банкноттар
 Айналымға шығару туралы
 хабарланғанға дейін банк
 мекемелеріне жеткізілген
 металл ақшалар
 Барлық индекстер
 (1 + 2 + 3 + 4 + 4 + 5 + 6 + 7 + 8)
 ҚҰБ бөлімшесінің бастығы
 (Ұлттық Банк Қоймасы, Касса орталығы) Аты-жөні
 ҚҰБ оперативтік басқарманың бас бухгалтері
 (Ұлттық Банк Қоймасы, Касса орталығы) Аты-жөні
 ҚҰБ оперативтік басқарманың касса меңгерушісі
 (Ұлттық Банк Қоймасы, Касса орталығы) Аты-жөні
 Атқарушы Аты-жөні

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық Банк Басқармасының
 1997 жылғы 25 шілдедегі
 N 281 қаулысымен бекітілген
 Қазақстан Республикасы
 Ұлттық Банк бөлімшелеріндегі

Эмиссиялық - кассалық операциялар және құндылық. тардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі Ережеге

№ 4 қосымша

Резервтік қорларды нығайту үшін жөнелтілген қолма-қол ақшалар жөніндегі МӘЛІМЕТТЕР

1. Алушы банктің атауы: _____
2. Алушы ФАА нөмірі _____
3. Жөнелтуші банктің атауы: _____
4. Жөнелтуші ФАА нөмірі _____
5. Құндылықтарды жөнелту күні, айы, жылы _____

С О М А

Индекс	Ақша түрі	Жаңа банкноттар мен металл ақшалар	Банкноттар мен металл ақшалар	Тозған банкнот. Барлығы	Барлығы 00 символ ақшалар
1	индексі бойынша	Металл ақшалар	Банкноттар ақшалар	ЖИЫНЫ	01 символ
		20 теңге	20 теңге	- теңге	02 символ
		20 теңге	20 теңге	(БҰҰ жай)	03 символ
		20 теңге	20 теңге	(Жамбыл)	
		20 теңге	20 теңге	(тәуелсіздік)	
2	индексі бойынша	Металл ақшалар	Банкноттар ақшалар	ЖИЫНЫ	
		20 теңге	20 теңге	- тиын	
3	индексі бойынша	Барлық металл ақшалар	Банкноттар ақшалар	ЖИЫНЫ	
		(2 + 3 индекстер)	Коллекциялық металл ақшалар		
		20 теңге	20 теңге	(БҰҰ капсулада)	
4	индексі бойынша	Барлық металл ақшалар	Банкноттар ақшалар	ЖИЫНЫ	
		20 теңге	20 теңге	Ескерткіш күміс	

а қ ш а л а р
1 0 0 т е н г е (А б а й)

5 индексі бойынша ЖИЫНЫ
Алтын инвестициялық
а қ ш а л а р

6 индексі бойынша ЖИЫНЫ
Айналымға шығару туралы
хабарланғанға дейін банк
мекемелеріне жеткізілген
б а н к н о т т а р
Айналымға шығару туралы
хабарланғанға дейін банк
мекемелеріне жеткізілген
м е т а л л а қ ш а л а р
Б ар л ы қ и н д е к с т е р
(1 + 2 + 3 + 4 + 4 + 5 + 6 + 7 + 8)
ҚҰБ бөлімшесінің бастығы
(Ұлттық Банк Қоймасы, Касса орталығы) Аты-жөні
ҚҰБ оперативтік басқарманың бас бухгалтері
(Ұлттық Банк Қоймасы, Касса орталығы) Аты-жөні
ҚҰБ оперативтік басқарманың касса меңгерушісі
(Ұлттық Банк Қоймасы, Касса орталығы) Аты-жөні
Атқарушы Аты-жөні
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банк Басқармасының
1997 жылғы 25 шілдедегі
N 281 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банк бөлімшелеріндегі
Эмиссиялық - кассалық
операциялар және құндылық.
тардың сақталуын қамтамасыз
ету жөніндегі Ережеге
N 5 қосымша
АЙНАЛЫМҒА АҚША ШЫҒАРУҒА АРНАЛҒАН
19__ жылғы "___" _____ N_____
НҰСҚАУ
Ұлттық Банк бөлімшелері _____
Резервтік қорлардан алынатын:

сома _____ тенге _____ тиын

Алынған сомаларды талдап жазу:

банкноттар:

саны _____ құны _____ сомасы _____

Жиыны: _____

(банкноттың саны мен сомасы)

тиындар:

саны _____ құны _____ сомасы _____

Жиыны: _____

(тиындардың саны мен сомасы)

Банкноттар мен металл ақшалардың жалпы сомасы _____
(цифрмен)

Банкноттар мен металл ақшалардың жалпы сомасы _____

(жазумен)

